



ЖАЛҒАН КОУЧТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ШЕКТЕЛЕДІ

Әлеуметтік желіні ашсаңыз тез бауды, ата-анамен қарым-қатынасты реттеуді, жетістікке жетуді, арзан саяхаттап, үйлесімді өмір сүруді үйрететін инфокурстар көп. Ал олардың авторларының барлығы сертификатталған маман емес. Керісінше, сән-салтанатқа толы өмірді көрсететін коучтар. Осы уақытқа дейін олар жалғанды жалпағынан басып, салық төлемей, курсың заңдастырмай келді. Енді Мәдениет және ақпарат министрлігі әзірлеген жаңа заң жобасы енгізілсе, оқулықтық мазмұндағы инфокурстар қатаң тексеріледі.




Заң жобасы «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» заңның 16-бабын толықтырған. Оған сай, кез келген салаға байланысты оқыту курстары немесе білім беру материалдары жарияланғанда, мұндай контентте міндетті түрде автордың білімі туралы ақпарат көрсетілуге тиіс.

Құжатта: «Оқыту материалдарын орналастыру кезінде автордың білімі туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс» деп жазылған. Бұл талап орындалмаса, жарияланған материал заңбұзушылық болып есептеледі. Яғни, блогерлер, коучтар және кез

келген оқыту курстарының авторлары өздерінің кәсіби біліктілігін ашық көрсетуге міндеттелмек. Заң жобасында оқулықтық қызметтер немесе онымен ұқсас басқа қызметтер туралы ақпаратты қамтитын контент таратылған жағдайда, мұндай материал міндетті түрде тек көңіл көтеру мақсатында жасалғанын және ғылыми немесе практикалық растамасы жоқ екенін көрсететін ескертумен жариялануы қажет.

(Жалғасы 4-бетте)



ТАБИҒАТ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ

ҮЙЛЕСІМ ТАПҚАН ӨЛКЕ

Жергілікті шаруалар жыл сайын егістіктен экологиялық таза, сапалы өнім алып келеді. Соның арқасында өңір наннан бастап, ет пен көкөніске дейін негізгі 15 азық-түлік түрі бойынша халқының сұранысын толық жабады. Тіпті 100 пайыздан да көп. Яғни, нан, ұн, сиыр мен қой еті, шұжық, құс еті, балық, күнбағыс майы, картоп пен көкөністер – бәрі өңірдің өз өнімі.

→ 6

ҚҰРЫЛЫС ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ



Енді заңсыз құрылыс анықталған жағдайда тек мердігерлер ғана емес, ауыл, аудан әкімдері мен салаға жауапты шенеуніктер де жауапкершілікке тартылады. Мәселенің ушығып тұрғанын тағы бір дерек дәлелдейді. 2025 жылдың өзінде бюджет қаржысы есебінен салынып жатқан 100 құрылыс нысанында заңбұзушылық анықталған. Соған байланысты 121 әкімшілік хаттама толтырылып, 103 миллион теңге айыппұл салынған. Бұған қоса, талапты өрескел бұзған кейбір құрылыс компанияларының лицензиялары бойынша жекелеген жұмыс түрлері уақытша тоқтатылған.

→ 7

«ҚАРАЛМА» ҚАШАҢҒЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛАДЫ?



Мемлекет тарапынан «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 542 млн 600 мың теңгеге ауызсу мен көріз жүйесі жүргізіліп берілді. Сондай-ақ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік көлік дәлізінен тау етегіне дейінгі 7 шақырымға асфальт

төселді. Нысан газ және электр жүйесімен қамтамасыз етілді. Тау шаңғысы кешеніндегі арқан жолының құрылысы, ішкі алаңдарды абаттандыру, кірме жол, мейрамхана, сервис орталығы, техникалық бокс, өзге қажеттіліктер шамамен 80%-ға аяқталған. Сол сияқты саяхаттаушылар мен демалушыларға, шаңғы тебушілерге арналған жекелеген инвесторлар қаржысына салынуға тиіс 20 коттедждің құрылысы 70-80%-ға біткен. Міне, осындай басы тәп-тәуір басталған тірліктің соңы аяқсыз қалып тұр.

→ 7


РИЕЛТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ РЕТТЕЛЕ МЕ?

Реформа аясында барлық риелтор – бірі қалмай өзін-өзі реттейтін ұйымдарға (ӨРҰ) біріктірілуге тиіс. Сондай-ақ ойын ережелері, қойылатын талаптар күшейтіледі деп күтіледі. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі депутаттармен бірлесіп, бұл тұрғыда тұтас заңнамалық топтама әзірледі. Оған «Риелторлық қызмет туралы», «Кейбір заңнамалық актілерге жылжымайтын мүлікпен делдалдық қызметтер мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге риелторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары кірді.

→ 4



ҚОРЖЫНЫМЫЗДЫ ТОЛТЫРҒАН ҚЫСҚЫ ЖАРЫСТАР



Жалпы, Қазақстан спортшылары қысқы Олимпиада ойындары тарихында барлығы сегіз медаль еншіледі. Әр жүлденің артында тағдыр, төзім және табандылық жатыр. Сол себепті бұл көрсеткіштер құр статистика емес, ел спортының шынайы шежіресі деуге болады.

→ 8

15 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ



ЕКІЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Иранның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Әли Акбар Джоукармен кездесті.

Мәулен Әшімбаев елшіге ілтипат білдіріп, соңғы жылдарда Қазақстан мен Иран арасындағы жан-жақты ынтымақтастық айтарлықтай деңгейде дамып келе жатқанын атап өтті. Ұқсас құндылықтарға негізделген екіжақты қарым-қатынас көптеген бағытта жоғары қарқынға ие. Жақында Иран Президентінің Қазақстанға сапары екі елдің байланысын одан әрі нығайтуға тың серпін бергені де сөз болды.

«Қазақстан мен Иран арасында жоғары деңгейде сенімді саяси диалог қалыптасты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев екі халық арасындағы достықты және өзара тиімді қарым-қатынастарды нығайтуға ерекше көңіл бөліп келеді. Желтоқсан айында Иран Президенті Масуд Пезешкианның Қазақстанға ресми сапары өтті. Мемлекет басшылары бірлескен мәлімдеме қабылдап, бірқатар маңызды құжатқа қол қойды. Бұл сапар Қазақстан мен Иран арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жаңа серпін берді. Біздің басты міндетіміз

— мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген барлық уағдаластықты тиімді іске асыруға үлес қосу», — деп палата Спикері елімізде Президент бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылу барысына назар аударды.

Атап айтқанда, Мәулен Әшімбаев ауқымды саяси жаңғырудың қисынды жалғасы болып саналатын және заң шығару қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған алдағы парламенттік реформа туралы айтты.

Сондай-ақ тараптар парламентаралық байланыстарды кеңейтудің маңызына тоқталып, өзара заңнамалық тәжірибе алмасуға мүдделі екенін білдірді. Осы орайда екі елдің Парламенттерінде жұмыс істейтін достық топтарының әлеуетіне баса мән берілді.

Кездесу барысында рухани дипломатияны дамытуға, сауда және көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы бірлескен жобаларды іске асыруға қатысты мәселелер де талқыланды.

МӘЖІЛІС БІРҚАТАР ҚҰЖАТТЫ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығу тегін айқындауды реттейтін келісімді және Техникалық регламенттер талаптарының сақталуы туралы хаттаманы ратификациялады.



Екі ратификациялық құжатты депутаттарға Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Айдар Әбілдабеков таныстырды.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісім 2023 жылғы 4 желтоқсанда Мәскеуде жасалған. Құжатта ЕАЭО шегінен тыс әкетілетін тауарлардың шығу тегін айқындау мен растаудың бірыңғай қағидалары нақтыланады.

— Келісім ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тауарларды, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салу мен шектеу қойылған тауарларды әкету кезінде тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының қолданылуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы құжат аясында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер белгілеген тарифтік емес реттеудің біржақты шараларының сақталуын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бақылап отыруына мүмкіндік жасалады, — деді Айдар Әбілдабеков.

Аталған заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Болатбек Нәжметдіұлы өзінің қосымша баяндамасында атап өткендей, Келісім нормаларында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету кезінде олардың шығу тегін анықтау, куәландыру және растау тәсілдерінің бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Талқылау барысында депутаттар жаңа ережелер қазақстандық тауар өндірушілер үшін сертификаттауға қосымша шығын әкелмейтінін, экспорт пен импорт кезінде қазақстандық тауардың мәртебесі қалай бақыланатынын сұрады. Мәжілісмендер сондай-ақ салалық министрліктердің өкілдеріне тауарға электрондық құжаттарды енгізу, отандық тауар өндірушілер тізілімін тіркеудің қазақстандық жүйесіндегі кемшіліктерді жою және тағы басқалары туралы сұрақтар қойды.

Техникалық регламент талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға 2024 жылғы 8 мамырда Мәскеуде қол қойылған. Бұл құжат ЕАЭО құқығы мен одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамалары арасындағы қайшылықтарды жоюға, сондай-ақ кәсіпкерлерге қатысты беделдік сын-қатерлердің ықтималдығын төмендетуге бағытталған.

Атап айтқанда, заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Айтуар Қошмамбетов түсіндіргендей, бұл құжатта Келісімнің тұжырымдамасы нақтыланады. Мәтіннің барлық жеріндегі «қауіпті өнім туралы» деген сөз «Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы» деген сөзбен ауыстырылады.

Сонымен қатар Мәжіліс өз кезегінде «Сайлау туралы» «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамын жасақтады. Оның құрамына депутаттар Марат Башимов, Мұрат Ерғешбаев, Снежанна Имашева және Үнзила Шапақ енді.

Мәжіліс жұмысқа 11 жаңа заң жобасын қабылдады. Олардың қатарында «Алатау қаласының арнаулы мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы, машина жасауды дамыту, жол қауіпсіздігін цифрландыру және жүргізушілерді даярлау саласындағы кәсіпкерлік қызмет, мемлекеттік қызмет туралы, инвестициялық қорлар туралы мәселелер бойынша түзетулер, сондай-ақ бірқатар ратификациялық жоба бар.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 10 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында қолжетімді.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ЖАҢҒЫРАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері бойынша жиын өткізді. Басқосуда Энергетика министрлігі, «Самұрық-Энерго», КEGOC және энергия өндіруші ұйымдардың Президенттің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде жүргізіп жатқан инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа қуаттарды генерациялау жөніндегі жұмыстарының қарқыны қаралды.



Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жоспарды жүзеге асырудың практикалық кезеңіне көшуде. Қазір жалпы инвестиция көлемі 13 трлн теңгеден асатын және жалпы қуаты 15,3 ГВт болатын 81 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам қуат өндіру көздері іске қосылатын болады.

Премьер-министр энергетикалық жобаларды жүзеге асыру кезінде мерзімдерін кейінге ысыру практикасын сынға алды.

«Президент энергетикада тиісті динамика жоқ екенін бірнеше мәрте айтып келеді. Сондықтан барлықтарыңыз барынша күш жұмылдыруларыңыз керек. Барлық жоспарланған жоба белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Ешқандай үзілістер, ығысулар болмауы керек. Министр, «Самұрық-Энерго» және КEGOC басшылары, сіздер әрбір нысан үшін тікелей жауаптысыздар. Сіздердің жұмыс орындарыңыз — кабинеттерде емес, құрылыс алаңдарында», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде таза көмір технологиялары негізінде көмір генерациясын дамыту перспективалары қаралды. Қазір мердігерлер анықталып, стратегиялық маңызды нысандарды жүзеге асыру басталды. Олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-3 (2 640 МВт), Қурчатов қаласындағы жаңа станса (700 МВт), сондай-ақ Көкшетау (240 МВт), Семей (360 МВт) және Өскемен (360 МВт) қалаларындағы жылу электр орталықтары бар.

КИНО мен КАССА: ӘДІЛ БӘСЕКЕ НЕГЕ ЖОҚ?

Өткен жалпы отырыста Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев отандық киноиндустриядағы қордаланған түйткілдерге назар аударып, ірі кинотеатр желілерінің қызметін қатаң сынға алды.

Депутаттың айтуынша, бүгінде елдегі жетекші кинотеатр желілері прокаттың алғашқы күнінен бастап-ақ кассалық түсімнің 50 пайызын бірден иеленіп отыр.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев креативті индустрияны ұлттық экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде айқындағаны белгілі. Сонымен қатар жас ұрпақты дұрыс мәдени тұрғыда тәрбиелеу мәселесі түрлі деңгейде тұрақты түрде көтеріліп келеді. Бұл ретте кино саласының рөлі айрықша, оған балама жоқ деуге болады. Аталған міндеттердің іске асуына саладағы қазіргі ахуал айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. «AMANAT» партиясының атына кинематография өкілдерінен кинотеатрлар тарапынан кассалық түсімдерге қатысты әділетсіз талаптар жөнінде көп өтініш түсіп жатыр», — деді ол депутаттық сауалында.

Онын айтуынша, кинотеатрлар фильм табыс әкелетін-әкелмейтініне қарамастан, өз үлесін алдын ала алады.

«Бұл пайдадан емес, тікелей жалпы түсімнен ұсталады. Яғни, фильм табыс әкеле ме, әкелмей ме оған қарамастан, кинотеатрлар өз үлесін алдын ала алады. Режиссерлер мен продюсерлер қысымнан қауіптеніп, бұл мәселеге ашық үн қата алмай отыр. Себебі олар жасанды түрде қалыптастырылған, кинозалдар иелерінің монополиялық жүйесіне тәуелді. Бұдан бөлек, фильм авторлары жарнама мен ілгерілету үшін қосымша төлемдер жасауға мәжбүр. Біздің мәліметтерімізге сәйкес, тіпті «көлеңкелі жарналар» да бар», — дейді Елнұр Бейсенбаев.

Қоғамның наразылығын туғызған тағы бір жайт — дәл осындай үлестің мемлекеттік қаржыға түсірілген фильмдерден де алынуы. «Мәселен, мемлекеттік бюджет есебінен түсірілген QAITADAN фильмі прокатта 1 миллиард теңгеден астам табыс тапқан, алайда оның 550 миллион теңгесі кинотеатрларға кеткен. Ал фильм өндірісіне мемлекет бар болғаны 190 миллион теңге бөлген. Яғни, жекеменшік кинотеатр желілері мемлекет салған инвестициядан бірнеше есе көп қаржыны, ол бюджетке қайтарылмай түсіріп-ақ алып отыр. Бұл біздің ойымызша, мүлде жол беруге болмайтын жағдай», — дейді депутат.

Елнұр Бейсенбаев мұнда әділ бәсекенің жоқ екенін ашық айтты. Экран мен көрермен орнын ғана ұсынатын кинотеатрлар фильмнің тікелей авторларынан әлдеқайда көп пайда тауып отыр.

«Нәтижесінде, фильм өзін-өзі ақтауы үшін бюджеттен үш есе көп касса жинауға мәжбүр. Мұндай ахуал қазақстандық киноиндустрияны тұншықтырып отыр. Соның салдарынан елімізде негізінен тек коммерциялық комедиялар түсіріліп, тарихи, мәдени, әлеуметтік маңызы бар салмақты туындылардың азаюына әкеліп отыр. Себебі ол бағыттарға қаржы жетпейді, оны монополист кинотеатр желілері алып қояды. Қазір қазақстандық кинонарықты санаулы ғана «тандаулы» топ



бақылап отыр. Олар прокат шарттарын, экран санын, прайм-таймды, тіпті қай фильмнің көрерменге жететінін өздері шешеді. Бұл әділ бәсеке емес, ашық монополиялық саясат», — дейді ол.

Депутат Kinopark пен Kinoplexx елдегі барлық кинозалдың шамамен 40 пайызын бақыласа, Chaplin және Cinemax желілері ірі мегаполистерде үстемдікке ие дейді.

«Мұндай жағдай әлдеқашан Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, сондай-ақ өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың назарын аударуы тиіс еді. «AMANAT» партиясының фракциясы кинотеатрлар фильм өндірісіне кеткен шығын толық қайтарылмайынша, кассалық түсімнен үлес алуға тиіс емес деп есептейді. Пайданы бөлу жоба өзін-өзі ақтағаннан кейін ғана әділ деп саналады. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мысалы АҚШ-та «жылжымалы шкала» қолданылады. Онда прокаттың алғашқы апталарында студиялар кассалық түсімнің 70-90 пайызына дейін алады. Осыған байланысты, жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, кинотеатрлар, прокатшылар және киностудиялар арасындағы келісімшарттарды тексеруді, сондай-ақ кинотеатр желілерінің өздерінің үстем жағдайын пайдалана отырып, кассалық түсімнің 50 пайызын негізсіз алу фактілері бойынша кешенді тексеру жүргізуді сұраймыз», — дейді депутат.

Депутаттың сауалы орынды. Мұны киногогерлер де мақұлдап отыр. Өйткені кассалық түсім жинай алмаған жағдайда шығынға бататын да өздері. Депутат олардың мұнын Мәжіліс мінберінде ашық жеткізіп, саладағы әділетсіз жүйеге қоғам мен мемлекеттің назарын аударды. Бұл бастама отандық кино өндірісін қорғауға, шығармашылық еркіндікті сақтауға және ұлттық киноның дамуына жол ашатын маңызды қадам болмақ.

Бетті дайындаған Айна ХАСАН

БАҒДАР

15 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

АТЫРАУДАҒЫ ИГІ БАСТАМАЛАР



Былтыр Атырау облысында партияның өңірлік сайлауалды бағдарлама-сында бекітілген 79 тармақтың 72-сі орындалған. Бұл туралы «AMANAT» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс конференциясында баян-далды.

Алқалы жиынға «AMANAT» партия-сының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, партия ардагерлері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, партия активі мен конференция делегат-тары қатысты.

Басқосу барысында партияның об-лыстық филиалының жаңа төрағасы лауазымына ашық дауыс беру арқылы Бейбіт Мырзағалиев сайланды.

Партияның Атқарушы хатшысы Дәу-лет Кәрібек алдағы мақсат-міндеттерге кеңінен тоқталды.

«Мемлекет басшысы «Turkistan» газе-тіне берген сұхбатында ел дамуының жаңа кезеңіндегі басты басымдықтарды айқындап берді. Президент әділетті мем-лекет құру үшін ең алдымен халықтың әл-ауқатын нақты іспен арттыру қажет-

тігіне, аймақтардың тең әрі орнықты дамуы мен жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейту мәселесіне ерекше мән берді. Бұл — барша өңірге, соның ішінде осы Атырау сияқты стратегиялық маңызы бар аймаққа тікелей қатысты міндеттер. Мем-лекет басшысы атап өткендей, кез келген реформа қағаз жүзінде емес, өңірлерде, ел ішінде, нақты адамдардың өмірінен көрінуге тиіс. Бүгінгі біздің жұмысымыз да осы жауапкершілікті терең сезінуден басталуы керек», — деді Дәулет Кәрібек.

Оның айтуынша, «AMANAT» пар-тиясы — мемлекеттің дамуы мен елдің тұрақтылығын, береке-бірлігін бәрінен биік қояды. Басты міндет — халықтың сенімін ақтап, қоғамды ортақ мақсатқа біріктіре отырып, елдің жарқын болаша-ғы үшін жұмыла еңбек ету.

Сондай-ақ, Дәулет Кәрібек былтыр Атырау облысында жүйелі жұмыс жүр-гізіліп, партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасында бекітілген 79 тармақ-тың 72-сі орындалғанын мәлімдеді. Бұ-ған қоса, сайлау кезінде Атырау облы-сында 2017 өтініш қабылданып, оның 96%-ы яғни 1945-і нақты шешімін тапты.

«AMANAT» партиясының жобалары да өңірде өз нәтижесін беруде. Мәселен, былтыр «Ауыл аманаты» партиялық жо-басы бойынша қайтарылатын шағын несие қаражаты есебінен 220 млн теңге қаржы бөлінді. Ал «Жер аманаты» жоба-сы аясында ел аумағында 14 млн гектар-дан астам жер мемлекет меншігіне қай-тарылды. Оның 6 млн гектары заңды түрде халық игілігіне беріліп жатыр. «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы шеңберінде республикалық колл-орта-лық іске қосылды. Сондай-ақ осы жоба аясында азаматтарға нақты көмек көр-сету мақсатында партия алаңында 12 банктің ресурсы бір арнаға тоғысты.

Жиын барысында бастауыш партия ұйымдарының жұмысын күшейту, олар-дың рөлін арттыру мәселесіне де баса мән берілді. Жалпы, ел аумағындағы 3800-ге жуық бастауыш партия ұйымы-ның 106-сы Атырау облысында жүйелі жұмыс істеп келеді.

Сайлаушылармен кері байланыс ор-нату мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, партияның Атырау облыстық филиалының қоғамдық ка-былдау орталығына бір жылда тұрғындар тарапынан келіп түскен 2800-ден астам өтініштің 53,3%-ы, яғни, 1535-і оң шеші-мін тапты. Қалған 46,7%-ы бойынша түсініктеме берілді.

Жиын соңында партияның облыстық филиалының алдағы жұмыс жоспары мен мақсат-міндеттері жан-жақты тал-қыланды.

ОТАНДЫҚ ТОҚЫМА ӨНДІРІСІНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракция-сының мүшелері, Данабек Исабек пен Нұрсұлтан Байтілесов Шымкент қаласындағы BalabiTextile кәсіпорнына барып, заманауи тоқыма өндірісінің қалай жолға қойылғанымен танысты. Сондай-ақ кездесуге партияның қалалық филиалының, мәслихаттың және са-лалық мекемелердің өкілдері мен компания басшылығы қатысты.

Шұлық шығаруға арналған фабрика «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Өндіріс 2024

жылдың желтоқсанында іске қосылған. Жобаға 6,5 миллиард теңгеден астам инвестиция салынған, 260 тұрақты жұмыс



орны ашылған. Кәсіпорын жылына 50 миллион жұп шұлық шығарады.

Компания өкілдерінің айтуынша, фабрика 2024 жылдан 2025 жылдың үшінші тоқсанына дейін 366 миллион теңгенің өнімін шығарған. Бүгінде зауыт қалыпты режимде жұмыс істеп, өнімді ішкі нарыққа да, шетелге де шығарып отыр. Тапсырыс берушілердің талабына сай дизайн әзірлеуге де ерекше көңіл бөлінеді.

Мәжіліс депутаты Данабек Исабектің айтуынша, мұндай жобалар қалалық экономиканың дамуына елеулі үлес қосады.

«Осындай заманауи кәсіпорындардың іске қосылуы — отандық өндірісті дамыту мен жұмыс орындарын ашуға нақты үлес қосады. Бизнестің мемлекеттік қолдау құралдары бар, ал оларды тиімді пайдаланған жағдайда өндірісті кеңейтуге толық мүмкіндік бар», — деді Данабек Исабек.

Депутаттар кәсіпорынның жұмысын оң бағалап, мұндай өндірістік алаңдар Шымкенттің өнеркәсіптік әлеуетін ны-ғайтатынын атап өтті. Кездесу барысында бизнесті қолдау, экспорттық тауардың түрін кеңейту және өндіріс көлемін ұлғайту мәселелері де талқыланды.

АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК АРТАДЫ

Бүгінде волонтерлерге не қажет, олар қандай қиындықтарға тап болады және мемлекет пен қоғамдық институттардан қандай қолдау күтеді? Адамдарға жүйелі түрде көмек көрсету үшін жеткілікті ресурс, көлік пен уақыт жеткілікті ме, әлде бұл тек ара-тұра жү-зеге аса ма? Осы сұрақтар Мәжіліс депутаттарының Павлодар облысындағы қоғамдық ұйымдармен кездесуінің негізгі тақырыбы болды. Кездесу өңірдегі волонтерлік қозға-лысты және азаматтық белсенділікті дамытуға арналды.

Ертіс өңірі белсенділерімен ашық әң-гімеге Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Вера Ким, Жарқынбек Амантайұлы және Нұржан Әшімбетов қатысты. Волонтерлер өз жоба-ларын таныстырып, әлеуметтік көмек, экология, әлжуаз топтарды қолдау және азаматтық бастамалар бағытындағы прак-тикалық тәжірибелерімен бөлісті.

Вера Ким Қазақстандағы волонтерліктің бірреттік акция емес, тұрақты жүйеге айналғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл үдеріс халықаралық деңгейде де мойын-далды — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен БҰҰ Бас Ассам-блеясы 2026 жылды Орнықты даму мақсатындағы халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Сондай-ақ ол 2020 жыл — Волонтер жылы ретінде жарияланып, осы бастама еріктілер қозғалысына серпін беріп, кейін заңнамалық базаның жаңартылғанын еске салды.

Жарқынбек Амантайұлы қиын кезеңдерде волонтерлер мен партия белсенділерінің атсалысқан нақты істеріне мысалдар келтірді — Екібастұздағы жылу жүйесіндегі апат кезінде, 2024 жылғы су



тасқыны кезінде, Қостанай облысындағы және «Семей орманы» резерватындағы өрт кезінде. Барлық жағдайда көмек жедел көрсетілді — гуманитарлық жүктер жеткізілді, халықты эвакуациялау, бөгеттерді бекіту және қалпына келтіру жұмыстарына қатысу ұйымдастырылды.

Павлодар облысы бойынша «Жас Ұлан» қозғалысының үйлестірушісі Әйгерім

Түсіпбекова жастардың қатысуымен атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді. Оның айтуынша, бүгінде өңірдегі әрбір мектепте дерлік волонтерлік отрядтар жұмыс істейді, ал еріктілікке бастауыш сынып оқушылары да тартылған. Олар экологиялық акцияларға қатысады, карт адамдарға көмектеседі және өз бастамаларын жүзеге асыруда.

ЖАСЫРЫН БАҚЫЛАУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ЗАҢДАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Бүгінде елімізде GPS трекерден бастап жасырын камераға дейінгі тыңшылық техника кез келген адамға ашық сатылуда. Бұл туралы кешегі Парламент отырысында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракция-сының мүшесі Әбүтәліп Мүтәлі мәселе көтерді. Сондай-ақ ол қазір сәнге айналған заманауи автокөліктер де тек жол жүруге емес, иесі туралы деректер жинауы мүмкін екенін алға тартып, Үкіметтен азаматтардың жеке бас құпиясына қол сұқпауды қамтамасыз етуін талап етіп, Пре-мьер-министрдің орынбасары – ЖИ және цифрлық даму министрі Жаслан Мадиевке депутаттық сауал жолдады.



Өз сауалында депутат:

«Бүгінде елімізде техникалық құрылғы-лар нарығы іс жүзінде реттелмеген және бақылаусыз қалыптасқан. GPS трекерлері, GSM маяктары, мини-камералар, дауыс жазғыштар және онлайн платформалар арқылы лицензиясыз немесе сертификатсыз сатылатын электрондық құрылғылар на-рықта қолжетімді. Осы құрылғылар арқылы ел азаматтарын заңсыз бақылауға алу мүмкіндігі бар. Бұл азаматтардың жеке өмірі мен отбасылық құпиясын қорғау құқығына қауіп төндіріп қана қоймай, жеке деректерді заңсыз жинау, бопсалау, қысым көрсету және корпоративтік тың-шылық сияқты тәуекелдерді арттырады» дейді.

Оның айтуынша, қазір банктік карта және интернетке қолжетімділігі бар кез келген адам ақпаратты жасырын алу үшін техникалық құралды сатып ала алады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 399-бабы мұндай құрылғыны өндіруге, сатып алуға, сатуға және пайда-лануға тыйым салғанымен, олардың жаппай айналымы кешенді құқықтық реттеуден тыс қалып отыр.

Құқық қорғау органдары рейдтік жұмыстар барасында дауыс жазғышы бар қаламдар, тұрмыстық затқа жасырылған бейнекамералар, көзділдірік және флешка сияқты құрылғылардың сатылуын анықтады. Алматы, Төміртау және басқа да аймақтарда мини-камералар мен GSM жүйелері тәркіленді, кейбір сатушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Алайда бұл шаралар жүйелі емес, тек жеке жағдайға қатысты. Нарық еш кедергісіз жұмысын жалғастырып, ауқымын кеңейтуде.

Ерекше алаңдаушылық тудыратын жайт — сырттан қарағанда заңды, кен таралған әрі сәнге айналған жаңа буын құрылғының ақпаратты жасырын тіркеу мүмкіндігіне ие болуы.

Бұл құрылғылардың қауіпін тек сыртқы белгісіне қарап бағалау қате болып табылады. Шешуші рөл құрылғының пішіні емес, бағдарламалық қамтамасыз етілуі мен қолданылу тәсілімен анықталады.

«Сонымен қатар жаңа буындағы авто-мобильдер, соның ішінде аса үлкен сұранысқа ие Қытай автомобильдері, шетелдік серверлер мен пайдаланушы аккаунттары арқылы жұмыс істейді. Бұл еліміздің азаматтарына қатысты деректердің, соның ішінде қозғалыс маршруттары мен пайдаланушылық ақпарат-тың, шетелдік юрисдикцияларда өңделуіне әкеледі. Қарапайым тілмен айтқанда, шетелдік компаниялар біздің азаматтарымыздың барлық қозғалысы мен басқа да әрекетін бақылап, талдай алады.

Мұндай автомобильдердің функция-ларының қашықтықтан шектелуі немесе ажыратылуы фактілері бар.

Халықаралық тәжірибеде мұндай электроника «қатан бақылауға алынған» санатқа жатады. Оған міндетті сертификаттау мен лицензиялау талабы қойылып, аза-маттық мақсаттағы құрылғылар мен арнайы техниканың аражігі нақты ажыратылады. Бұл тәсіл азаматтардың жеке өміріне жасырын қол сұғылуынан қорғайды және теріс мақсатқа пайдаланудың алдын алады» дейді депутат.

Әбүтәлі Мүтәлі қалыптасқан ахуал алаңдатпай қоймайтынын айтып отыр. Депутаттың айтуынша, кез келген азамат жасырын бақылауға алынуы мүмкін. Алайда азаматтарды мұндай жағдайда қорғау механизмдері әлі толық жетілмеген.

«Сондықтан Қазақстан Республикасы Үкіметінен:

- Азаматтардың жеке өмірі мен жеке және отбасылық құпияға конституциялық құқығын қорғауды қамтамасыз ету;
- Жасырын бақылауға арналған құрыл-ғыларды сатуды сертификаттау және лицензиялауды міндеттеу;
- Ішкі істер министрлігі, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Бас прокуратураның қатысуымен құрылғы-лар айналымын бақылау шарасын белгілеу;
- Еліміздің аумағында сатылатын және пайдаланылатын жаңа буындағы автомо-бильдер бойынша пайдаланушы аккаунттары мен деректерді өңдеу серверлерін Қазақстан Республикасының аумағында орналастыруды және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселесін қарастыруды;
- Осы құрылғылардың айналымын реттеу үшін кешенді құқықтық және бақылау тетігін әзірлеп, шұғыл түрде шара қабылдауды сұраймын», деді өз сауалында.

АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҒИМАРАТТАР НАЗАРДА

Тозығы жеткен инфрақұрылым мен қызметтік ғимараттар-дың апаттық жағдайы мемлекеттік шекараны күзететін әскери бөлімшелер үшін әлі де өзекті мәселенің бірі болып отыр. Осы мәселелер Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясы-ның мүшесі Бақтықожа Ізмұхамбетовтің Атырау қаласы Дамбы ауылында орналасқан ҰҚК Шекара қызметінің Атырау облысы бойынша жағалау күзеті дивизионына сапары барысында басты назарға алынды.



Жеке құраммен өткен кездесуде бө-лімшенің материалдық-техникалық жағдайы талқыланды. Жағалау күзетінің әкімшілік-тұрмыстық ғимараты 1980 жылы салынған бұрынғы балабақша ғимаратында орналасқан және техникалық қорытындыға сәйкес, апаттық жағдайда деп танылды. Мұнда күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген жоқ. Шатырынан су ағады. Соның салдарынан ғимарат толыққанды қызмет атқаруға жарамсыз болып отыр.

Бақтықожа Ізмұхамбетов еліміздің қорғаныс қабілеті мен әскери қызметтің жағдайы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, әскери қызметшілерге лайықты жағдай жасау олардың даярлық деңгейіне және әскери қызметтің беделіне тікелей әсер етеді.

— Мемлекет басшысы жуырда «Turk-istan» газетіне берген сұхбатында әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру — мемлекеттің басты басымдығының бірі екенін айтты. Президент атап өткендей,

«Сарбаз болу — өзінді дамыту үшін тың мүмкіндіктерге ие болу деген сөз». Отан қорғау — еліміздің әр азаматының ең қасиетті борышы. Мемлекет қауіпсіздігін, ел мен жер тұтастығын қамтамасыз ету — баршаға ортақ міндет. Сондықтан жастар қауымы сапалы әскери даярлықтан өтуге тиіс. Біз бұған ерекше көңіл бөліп келеміз. Әскердегі тәртіп мәселесін жіті қадағалай-мыз. Әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмайды, — деді ол.

2024 жылы өткен кездесу қорытын-дысы бойынша бірқатар мәселе шешімін тапты. Атап айтқанда, дивизионның көлік тұрағы жаңғыртылып, қайта са-лынды. 2026 жылы құны 17 млн теңгені құрайтын жөндеу жұмысын бастау жос-парланып отыр.

Дивизион командирі Фархад Мирма-нов жүзеге асырылып жатқан жобалар мен шешімін күткен мәселелер туралы баяндады. Депутаттың айтуынша, кө-терілген барлық мәселе уәкілетті мем-лекеттік органдармен бірлесіп пысық-талады.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ЖАЛҒАН КОУЧТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ШЕКТЕЛЕДІ

(Басы 1-бетте)

А Көктем ҚАРҚЫН

ОККУЛЬТТІК КОНТЕНТТЕН «ЖЕҢІ ШЕШІМ» ІЗДЕЙДІ

Айта кету керек, оккульттік контенттің басты ерекшелігі — ғылыми дәлелге емес, адамның сеніміне, эмоциясына және қорқынышына әсер етуі. Мұндай контентті жасаушылар көбіне нақты білімі мен ресми біліктілігін көрсетпей, «тәжірибе арқылы жеткен», «жоғарыдан берілген қабілет» деген тұжырымдарға сүйенеді. Ал тұтынушы үшін бұл ақиқат пен жалғанның ара-жігін ажыратуды қиындатады.

— Қауіптің бір ұшы — психологиялық әсерінде. Өмірінде қиындыққа тап болған адам оккульттік контенттен «жеңіл шешім» іздейді. Нәтижесінде, жауапкершілікті өзінен емес, сыртқы күштерден күтеді. Бұл жеке тұлғаның дамуын тежеп қана қоймай, тәуелділікке де әкелуі мүмкін. Кей жағдайда адамдар қаржылай да, рухани да зардап шегіп жатады. Екінші мәселе — коммерция. Оккульттік тақырыптағы контенттің көп бөлігі ақылы курстарға, жеке кеңестерге, «арнайы ритуалдарға» ұласады. Бағасы да арзан емес. Мұнда тұтынушының құқығы қорғалмайды, себебі қызметтің нәтижесін дәлелдеу немесе талап ету мүмкін емес. Ақша төленеді, бірақ жауапкершілік жоқ, — дейді психолог Балабек Сақтағанов.

Қоғамдық тұрғыдан алғанда, мұндай контенттер сыни ойлаудың өлсіреуіне әсер етеді. Ғылымға, білімге емес, мистикалық түсініктерге сүйену көбейсе, бұл жалпықоғамдық сананың деңгейіне ықпал етеді. Әсіресе жасөспірімдер мен тұрақсыз психологиялық күйдегі адамдар үшін бұл өте қауіпті.

Психологтың айтуынша, курс алу адамдардың әлеуметтік дағдарысының көрінісі. Адамдар отбасындағы қарым-қатынасын реттей алмай, несиесі көбейгендіктен, өз болашағынан қорыққандықтан, өзіне деген сенімнің азайғандығынан инфосығандардың кеңесіне жүгінеді. Бұл мәселелерді шешуге өздерінің психологиялық білімі жетпейді.

— Қазір жалған дипломмен, жалған сертификатпен ұсталып жатқан қаншама адам бар. Менің ойымша, коучтарға өтірік құжат жасау қиын емес. Сондықтан халықтың коучтарға алданбауына 100 пайыз ешкім кепіл бола алмайды. Шындап келгенде, коучтар «сенің қолыңнан барлығы келеді» деп адамдардың жанды жеріне тию арқылы курс өткізіп жүр. Тіпті инфокурс туралы пікірді де коучтар өз командасындағы адамға жаздыруы мүмкін. Халықтың басым бөлігі сыни ойлай алмағандықтан эмоцияға бой алдырады. Проблеманы сол курс авторы шешеді деп соқыр сенім танытады, — дейді психолог Балабек Сақтағанов.



ИНФОКУРСҚА АЛДАНҒАНДАР КӨП

Осы уақытқа дейін оккульттік контентті қолдап, инфокурс алып алданғандар да көп. Бірақ заң бойынша тұтынушылар көп жағдайда алданғандарын дәлелдей алмайтын. Себебі қыруар ақша төлеп алған ақпараты құр «ауа» болып шығады.

— Курс аламын деп алданғандардың бірі менмін. Блогерге ақшасын төлеген соң мені блокка салып тастады. Адамдар неге сонша әділетсіз? Біреудің ақысын жеп, көз жасына қалудан қорықпайды ма? Қанша адам алданды екен? Кейбірінің соңғы ақшасы шығар, мүмкін біреу бұл курсты несиеге алған шығар, — дейді астаналық Гүлбану Есіркеп.

Психолог Балабек Сақтағановтың пікірінше, адам өз-өзіне сұрақ қойып, мәселені шешуге ұмтылуы керек. Инфокурс сататындар арасында мықты психологтар да бар. Бірақ олардың алдын жарнамасы жер жарған, білімі жоқ коучтар орап кетуде. Коучтар риторикалық манипуляция жасау арқылы аудитория тартады. Тіпті кейбір ақылгөйлер бірде бизнес туралы, енді бірде психология туралы курс жасап сатуда.

— Уақыт өте келе халықтың психологиялық түсінігі өсіп, курстарды саралай алады деп үміттенгенмін. Бірақ аталмыш үрдіс әлі бас-талмады. Бұл түсінікті психолог адам санасына құя алмайды. Біздің қоғам өзі ізденіп, барлық пікірге күдікпен қарауы керек. Интернеттен психологиялық білім аламын деу өтірік. Өзін танығысы келген адам ғылыми кітап оқуға ұмтылғаны жөн. Мотивация беретін жалған коучтар мен кәсіби білім беретін психологтардың аражігін ажыратып үйрену қажет, — деп қорытындылады өзін психолог.

Жақында әлеуметтік желіде ерекше баланың анасының сырт келбеті мен жеке өмірін сынап, кемсіткен коуч Бақытбай Сабырбек қазақстандықтардың шамына

тиді. Ол өзін бизнес тренер ретінде таныстырып, курс сатып, үлкен аудиторияға сабақ өтіп жүр. Алайда желіге жүктеген бейнелеріне назар аударсақ, Бақытбек Сабырбек курсқа қатысушылардың әлсіз тұсын тауып, жеке шекарасын аттап, шамына тиеді.

«Мен сізді шамамен 48 жаста шығар деп ойладым! Қатты шаршағансыз! 42 жаста болса да менімен шамалас көрінетін әйелдер отыр ғой. Алты баласы бар. Неге өзіңізге қарамайсыз? Сіздің сананызда барлық ер адам әлсіз, әкеңіз әлсіз, күйеуіңіз әлсіз, соның салдарынан бала да сондай болып туылған», — деп манипуляциямен бөлейді.

Комакты ақша төлеп, өмірін өзгерткісі келіп барған барлық адам өздері жайлы осындай пікір тыңдап кетеді. Бірақ бұлай деді деп коучқа шағымданып жатқан ешкім жоқ. Міне, бұл қазіргі оккульттік контент жасап, ақша тауып жүрген адамдардың шынайы бейнесі. Бұл жайлы сенатор Амангелді Есбай да мәселе көтерген. Депутаттың айтуынша, психологиялық көмек саласында тиісті заңнамалық және кәсіби бақылаудың болмауына байланысты салалық білімі мен біліктілігі жоқ адамдар көбейді. Бұл ретте, өздерін психолог немесе коуч деп атап, емін-еркін жұмыс істеп жатыр. Мұндай «мамандардың» кесірінен жеке өмірге араласуы, құпия ақпараттың таралуы, эмоционалдық және отбасылық күйзеліс сияқты мәселелер орын алған. Әсіресе қысқамерзімді курстар ұйымдастыратын және оны бітіргеннен кейін қатысушыларға сертификат беретін топтар ерекше алаңдатып отыр.

Сенатор олардың жұмыс әдісінің ғылыми негізіне күмән келтірді және олардың дәстүрлі отбасылық құндылықтарға қайшы келетіндігін атап өтті. Сонымен қатар олардың кейбіреулері діни сенім қағидаларын өзінше жорамалдап, жалған түсінік

қалыптастырады және ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушілік туғызып жатыр.

— Мысалы, отбасылық кеңес беруді сылтауратып, «жұбайыңызды қалай өзгертуге болады», «баланы басқару әдістері», «ажырасу — жаңа өмірдің басы» секілді радикалды көзқарасты насихаттаушы «мамандардың» әсерінен айрандай ұйып отырған қаншама отбасының шаңырағы шайқалды. Көптеген жағдайда бала тәрбиесіне қатысты теріс нұсқаулар беріліп, эмоциялық зорлық-зомбылық элементтері кеңес формасында ұсынылады. Мұндай кеңестердің нәтижесінде ата-аналар мен балалар арасында сенім жоғалып, отбасылық қарым-қатынасқа нұқсан келуі жиілеп келеді. Сонымен қатар «бизнес бастаймыз», «қаржылық еркіндікке жетелейміз», «сананы бағдарламалау арқылы миллионер боласын» деген ұранмен жалған коучтар азаматтарды несие алуға итермелеуде. Осының салдарынан көптеген адам қаржылық күйзеліске ұшырап, қарызға батып, жеке өмірі мен отбасына кері әсерін тигізіп жатыр. Ағымдағы жағдай және негізгі мәселелерге тоқталсақ, Қазақстанда жеке практикамен айналысатын психологтар мен коучерлердің нақты саны белгісіз, себебі бірыңғай тіркеу немесе лицензиялау жүйесі жоқ, — деді Амангелді Есбай депутаттық сауалында.

ЖАРНАМА БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАДЫ

PR маман Дина Ораздың айтуынша, қазір онлайн табыс табатындар көбейіп кетті. «Онлайн кітап, курс» сататындар біршама байып алды. Себебі мемлекетте бұған дейін оларға қатысты нақты заң болған жоқ. Ал құқық қорғау органдары «сен заңды бұздың, салық төлемедің» деп айтайын десе, курс сатушылар ресми еш жерде тіркелмегендіктен, оларға ешкім тиісе алмады. Осылайша, курс сатушылар мен коучтар жалғанды жалпағынан

РИЕЛТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ РЕТТЕЛЕ МЕ?



Халық «үйі жоқтың күйі жоқ» деп бекер айтпаған. Төл ұясы жоқ отбасының құты кетіп, берекесі қашуы мүмкін. Бүгінде баспанаға қолы жетпей, тірнектеп тапқан табысын жалдамалы пәтерге жұмсап, жаны жабырқаған, ұшарын аренда ақысы, қонарын пәтер қомайыны айқындайтын мүшкіл жағдайдағы қазақстандықтар көп. Баспанасыздық мәселесін сөз еткенде, олардың жүрегі сыздап қоя береді. Осы өмірлік қиын жағдайдағы адамдардың үстінен күн көріп, қалтасын қағатын кәсіп иелері бар. Ондаған жыл бойы риелторлық қызметті тәртіпке келтіруге шенеуніктердің мойны жар бермей келді. Үкімет енді ғана осы салада реформа бастағалы тұр.

А Елдос СЕНБАЙ

ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАБЫ ЖОҚ КӘСІП

Реформа аясында барлық риелтор — бірі қалмай өзін-өзі реттейтін ұйымдарға (ӨРҰ) біріктірілуге тиіс. Сондай-ақ ойын ережелері, қойылатын талаптар күшейтіледі деп күтіледі. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі депутаттармен бірлесіп, бұл тұрғыда тұтас заңнамалық топтама әзірледі. Оған «Риелторлық қызмет туралы», «Кейбір заңнамалық актілерге жылжымайтын мүлікпен делдалдық қызметтер мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге риелторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары кірді.

Қазір салада тәртіп жоқ, реттеу жоқ, әй дейтін әже, қой дейтін жожа болмай, әбден басыз кеткен. Бір-бірімен бақталасқан кейбір риелтор, жылжымайтын мүлік агенттіктері клиентті өзіне тарту, олардан молырақ сыйақы алу үшін түрлі айла-шарыға, тіпті заң бұзуға, қылмысқа баратыны өшкереденген. Сондықтан сарапшылар бұл саланы мемлекеттік бақылауға алып,

риелторлық қызметті лицензиялауды ұсынған болатын. Бұған сала ойыншылары үдере қарсы шықты және сөзін өткізе алпты.

«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау қолданыстағы «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады. Заңда және оның 1, 2 және 3-ші қосымшаларында лицензиялаудың, рұқсаттар мен хабарламалардың толық тізімі берілген. Риелторлық қызмет, жалпы жылжымайтын мүлікке қатысты кәсіптер аталған тізімге кірмейтініне назар аудартамыз. Сонымен қатар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне риелторлық қызметті қосу жөніндегі жоспарлардың жоқ екенін хабарлаймыз», — делінген министрліктің түсініктемесінде.

Лицензиялау енгізілмесе, әрі қарай да рұқсатсыз жұмыс істей беретін болса, онда қандай мемлекеттік бақылау болады? Болмайды, оның орнына ведомство саладағы бақылауды қоғамдық ұйымдарға тапсыруға ниетті. Соның нәтижесінде, әрбір риелтор, әрбір жылжымайтын мүлік агенттігі салалық қауымдастықтың құрамына кіріп, мүшелік жарнасын уақытылы төлеп,

өзін-өзі реттейтін ұйымдар (ӨРҰ) арқылы жұмыс істеуге міндетті болады. Мұндай шешім Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен ведомствоаралық комиссия отырысында қабылданды.

«Бүгінде жылжымайтын мүлік нарығының көптеген өкілі бірыңғай ережелерсіз жұмыс істейді. Кез келген адам өзін риелтор деп атай алады. Бұл үшін дайындықтан өту, сынақ тапсыру, біліктілікті арттыру талап етілмейді. Әркім өз қалауынша, өзі бекіткен шарттар бойынша комиссия ала алады. Сонымен бірге өз клиенттері алдында іс жүзінде ешқандай жауапкершілік арқаламайды. Соның кесірінен, түрлі дау-жанжал туындап, сотқа жетіп жатады», — деді министр.

Ол риелторлардың қос тараптан да — сатып алушыдан және сатушыдан комиссия алатынын тілге тиек етті. Мұның сыртында клиентімен келісімшартқа отырмайды, мәміле шарттары ауызша келісіммен бекітіледі. Тиісінше, ешқандай нақты кепілдіктер берілмейді.

САУДАСЫ САҚАЛ СИПАҒАНША...

Бірақ бұл «медальон» екінші жағы да бар: көптеген риелтор немесе жылжымайтын мүлік агенттігі клиентімен «эксклюзивті» шарт бекітеді. Оған сәйкес, пәтерін сатушы азаматқа басқа риелтордың қызметіне жүгінуіне тыйым салынады. Осындай эксклюзивті құқыққа қол жеткізген соң риелтор баспаны сатуға бағытталған ешқандай әрекет жасамайды, шөп басын сындырмайды. Бұдан қажыған сатушы оған қолын бір сілтеп, басқа білікті маманды тауып алады, сонда ғана әлгісі қимылға көшіп, клиентін сотқа береді, айыппұл төлеттіреді. Тіпті ресми мәлімет бойынша мұндай оқиғалар жүздеп саналады.

Басқа да былықтар жетерлік. Қарағанды тұрғыны Ғ.Сұлтанов риелтордың қызметіне жүгініп, басы бәлеге қалғанына шағымданды. Ол қаланың «Степной» шағын ауданындағы төрт бөлмелі пәтерін саудаға қояды. Бір сағат ішінде Сергей деген риелтор хабарласып, қызметін ұсынаған. Тез әрі қымбатқа сататынын айтып, қызықтырады. «Өзінің гипноздау қасиеті бар ма деп ойладым. Кездескенде, жылман-жылман етіп, балағыннан кіріп, жағаннан шығады, шебер тілімен үйіріп әкетеді. Бірақ бірнеше клиентке үйді көрсетіп, өткізе алмады. Алдамайын деп, көрушілердің бәріне баспананың барлық кінәратын тізбелеймін. Алсаныз, қол алысаяық, алмасаныз, жол өне! Содан Сергей: «Келесі кездесулерге келмей-ақ қойыңыз, өз қызметімді өзім атқарайын», — дегеннен кейін бұл істі соған тапсырдым. Қаланың басқа шетінен бүкімен қатынап жүрсе де қалта қағады. Ақыры екі апта ішінде өткізді. 32 миллион сұрағаным, 37 миллионға сатты, бес миллионын қалтасына басты. Нотариус алдында баспананың жана иесімен қол алысып, ризашылықпен таркастық», — дейді қарағандылық.

Айтуынша, проблема содан кейін туындапты: сатып алушы «баспананың кемшіліктері көп, оның бәрін жасырдың, жоқты айтып, алдайдың» — деп үйдің бұрынғы иесін сотқа сүйреп жатқан көрінеді. Мысалы, риелтор «пәтерге жоғары сапалы, кешенді жөндеу» жүргізілгенін, соның ішінде электр желісі толық жанартылғанын мәлімдепті. Шынында, «электрикасы» түпкілікті жанартуды қажет етеді, кернеу құбылғанда электрден ажыратылып, жарық жиі сөніп қалады екен. Сөйтіп, нысанды өткізу

басты. Енді жаңа ереже қолданысқа енсе, олардың аяғына тұсау салынады. Курс сататындар кәсіби білімін дәлелдеп қана табыс табатын болады. Қазір адамдар ненің дүріс яки бұрыс екенін білмесе де, онлайн білімге өте көп ақшасын құйып жатыр. Зандағы ереже нарықтағы курстарды ретке келтіреді.

— Дегенмен адамнан айла аспаған. Коучтар заңды аттап, жалған сертификат, диплом көрсетуі мүмкін. Сондықтан тұтынушылардың да деңгейін көтеру қажет. Сарапшылар қандай маманға сенуге болатыны жайлы контент ұсынса, халық білімі жоқ адамнан курс сатып алуды қояр еді. Енді заң бойынша тіркеліп салық төлейтін болса, эксперттер де аяқ тартып, курс сапасын арттырады деп ойлаймын. Тіпті сол салада өз білімі болмаса да, екінші экспертті тарту арқылы курс сатады. Осыған дейінгі курстардың сапасына қарасаныз, «ауа» сатқандары да болған. Мұндай жағдайда, тұтынушыларды аяйсың, — дейді Дина Ораз.

PR маманның пікірінше, бұл тек қана коучтарға ғана емес, курс сатуға қатысы бар жаңа ереже. Бірақ әлі толық күшіне енген жоқ. Жақында заңнамалық тұрғыда қолданылып бастайды. 2026 жылы заңнамалық кодексте курс сату, цифрландыру, жасанды интеллект пайдалану, креативті индустрияда жүрген адамдар үшін жеңілдетілген дүниелердің барлығы бітті. Жаңа дәуір басталды. Себебі заңға қатан ережелер енгізілді.

— Біріншісі, қосымша құн салығы 12 пайыздан 16 пайызға өсті. Жеке кәсіпкерлер қысқартылған 3 пайыздық салық төлеумен шектелмейді. Маркетингпен, жарнамамен айналысатындардың барлығы 10 пайыздық салық режиміне ауысты. Мысалы, сіз жеке кәсіпкерсіз. Жарнама саласында жұмыс істеп жүріп, бір жобадан 500 мың теңге пайда тапсаңыз соның 3 пайызын (15 мың теңгені) бұрынғыдай салыққа төлемейсіз. 2026 жылдан бастап 10 пайыз (50 мың теңге) салыққа төлейсіз. Одан бөлек, сізге түсіп жатқан табыс көзі құн салығының есепке қою шегінен асатын болса, тағы 16 пайыз құн салығын төлейсіз. Қазақстанда PR, жарнама бағыты қатты дамымаса да, SMM маркетинг өте қатты дамыған. Бұл дегеніміз, маркетинг компаниялар осы салықтың барлығын жарнама бағасына қосып ұсынады. Осылайша, бұрынғы 500 мыңдық жарнама, қазір кемінде 700 мың теңге тұрады. Дәл осы жүйе әлеуметтік желілерге де байланысты. Бұрын инстаграмнан таргеттелген жарнама сатып алу бағасы 1 кликка 0,1 доллар тұрса, енді бұл баға да өседі, — дейді Дина Ораз.

Әрине, әр адамның сенім бостандығы бар. Бірақ сенім мен манипуляцияның арасы бір-ақ қадам. Сол себепті оккульттік контентке қатысты қоғамдық талқылау, құқықтық реттеу жеңе ең бастысы — медиасауаттылық қажет. Адам не көріп отырғанын, не үшін сеніп отырғанын және оның салдары қандай болуы мүмкін екенін түсінуге тиіс.

ӨЗГЕНІҢ ОЗЫҒЫ ЕСКЕРІЛСЕ

Жаңа заңнамалық түзетулер қабылданса, Қазақстанда тіркелген риелторлардың бірыңғай тізілімі енгізілмек. Сондай-ақ олар үшін ортақ, стандартты келісімшарттардың үлгісін мемлекет бекітіп береді, қызметінде соны пайдалануға тиіс. Бұдан бөлек, риелторлардың Өлеп кодексын қабылдау, тәртіптік жауапкершілік жүйесін түзу қарастырылған. Алданған тұтынушыларды қорғауға арналған Өтемақы қоры құрылмек. Саланы бақылау Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне жүктеледі. Әрине, соңғы сөз — Парламент депутаттарында: бұл заңды қалағанынша өзгертуге, тіпті қайта жазуға, қатан кәсіби талаптар, тиімді бақылау тетіктерін енгізуге құқылы.

Министрліктің қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаменті басқармасының бас сарапшысы А.Бежібаевтың түсіндіруінше, бүгінде жылжымайтын мүлік нарығындағы қатынастарды және жылжымайтын мүлікке байланысты операцияларды ретке келтіру қажеттілігі туындады.

«Бұл заңнамалық түзетулер риелторлар қызметін тәртіпке келтіруге, тұтынушылардың құқықтары мен мүліктік мүдделерін барынша тиімді қорғауға, жылжымайтын мүлікке байланысты іс-қимылдардың, операциялардың қауіпсіздігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі таңда жылжымайтын мүлікпен байланысты барлық қатынас негізінен азаматтық заңнамалармен реттеледі. Салдарынан тұтынушылар жалғыз қалады, өз бетінше соттасуына, жалғыз жүріп әділдік іздеуіне тура келеді. Сонымен бірге мемлекеттік аппараттың ресурстары мен құзыреттері шектелуі. Бұл азаматтардың мүліктік құқықтарын толық қорғауға мүмкіндік бермейді», — деді сарапшы.

Жалпы, әлемде риелторлық қызметті реттеудің бірнеше үлгісі бар. Сондықтан олардың тәжірибесінен жарамдысын алуға болады. Мысалы, Францияда жылжымайтын мүлік агенттерінің қызметін сонау 1970 жылғы қаңтарда қабылданған Loi Hoguet арнайы заңы реттейді. Риелтор болып жұмыс істеу үшін префектура беретін кәсіби карта (carte professionnelle) алуы қажет. Оған қол жеткізу үшін маман біліктілігін дәлелдеуі, бейінді білімінің болуы және соттылықтың жоқтығын растауы қажет. Бұл картасыз мәмілелер жасау, комиссия алу түгіл, тіпті клиенттерге кеңес беруге тыйым салынады. Сонымен қатар кәсіби жауапкершілікті міндетті түрде сақтандыру талап етіледі. Сонда риелтордың қызметінен әлдекім зардап шексе, оған сақтандыру компаниясы өтемақы төлейді.

Германияда риелторлық қызмет федералдық делдалдық қызмет туралы заңмен — Maklergesetz-пен, сондай-ақ басқа да бірқатар нормативтік актімен реттеледі. Қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік лицензия алу міндетті. Ол біліктілікті, қаржылық сенімділікті, соттылықтың жоқтығын тексергеннен кейін беріледі. Риелторлар кәсіби этиканы сақтауға тиіс және олардың қызметі мемлекеттік органдар тарапынан тұрақты бақылауда ұсталады. Мұның аясында Қазақстанда қуатты мемлекеттік бақылаусыз, жай ғана өзін-өзі реттеу тетігі тиімділігін, тегеурінін таныта ала ма, өмір көрсетеді.

ЖАҢАН САРАП

15 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Үш аптаға жуық уақыттан бері Таяу Шығыстағы жұрт тынышсыз отыр. Жаңа жыл жақындаған тұста, 28 желтоқсан күні Иранда билікке қарсы басталған толқулардың масштабы қазір бүтін ел аумағын қамтып кетті. Әуелде әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты көшеге шыққан халық қарсылығының мәні саяси астарға ауды. Жаһан бақылап отырған дүрбелеңнің соңы қалай бітері әзірге беймәлім. Ал Тегеран билігі ішкі дағдарысты қандай жолмен шешпек?

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРЫЛЫС ҰШҚЫНЫ

Алдымен ереуілдердің неден басталғанын қысқаша сөз етейік. Талай мәрте өзін Таяу Шығыстағы ең басты алпауыт ретінде көрсеткенімен, Ирандағы дағдарыстардың тереңдей түскені кейінгі уақыттарда анық байқалатын. Көтеріліс алдында бұл елдегі инфляция деңгейі 42 пайыздан асып, иран риалы долларға шаққанда 1,42 миллионға дейін құнсызданып, антирекорд орнатты. Энергия көздерінің жетіспеуі бар, былтыр ең басты табиғи ресурс саналатын су тапшы болып, құрғақшылық жайлады. Осының бәрі халықтың әлеуметтік көңіл күйіне әсер етпей қоймады, ақыры жана жыл жақындаған тұста «жарылып кетті».

— Иранда 2009 жылдан бері ереуілдер жиі болып жатыр. Әр кезде әртүрлі ұранмен, әртүрлі тақырыппен басталады. Мысалы, 2009 жылғы ереуілде сайлаудың нәтижесі әділетсіз болды деп, халық көтерілген. 2019, 2022 жылдары да ірі ереуілдер болды. 2022 жылғысы «хиджаб қозғалысы» деген атпен өтті. Халық 3-4 ай бойы көтеріліп, ел белгілі бір жетістікке көл жеткізгендей де болған еді. Өйткені хиджабты талап ету кейінгі жылдары азайып, ресми мекемеде, оқу орындарында киіп жүретін форма секілді болып қалды.

Ал енді осы жолғы бас көтеру одан да үлкен саяси талаптарды қойып отыр. Негізі, ереуілдер әлеуметтік-экономикалық жағдайдан тұтады — бағаның өсуі, гиперинфляция, жұмыссыздық, су тапшылығының салдары, электр энергетикасын қатаң түрде үнемдеу, осының бәрі Иран халқын көшеге алып шықты, соңы саяси талапқа ұласты. Яғни, билік мәселені шешуге қауқарсыз деген тоқтамаға келіп отыр. 47 жыл бұрын орнаған исламдық жүйенің ауысуын қалап жүргендер көп. Халық тек биліктігі тұлғалардың орнына жана адамдар келуін емес, саяси режимнің, конституциялық жүйенің өзгергенін талап етіп отыр, — дейді ирантанушы, журналист Қуанышбек Қари.

Ал саясаттанушы, халықаралық сарапшы Жанат Момынқұлов Ирандағы экономикалық дағдарыстардың әлдеқашан саяси дағдарыстарға ойысып кеткенін айтады. Бұны ереуілдерге бастамашыл болған таптардың өзгерісінен байқай аламыз.

— Бұрынғы ереуілдерге көбіне кедей жұмысшы табы мұрындық болса, қазіргі шиеленістерге кәсіпкерлер, жастар мен орта тап өкілдері көп қатысып жатыр. Бұл Иран қоғамының «қайтуы мүмкін емес қызыл сызыққа» жақындағанын білдіреді. Саяси даму моделі тоқырауға ұшырады, батыспен түсінісе алмаған теократияның дүниетанымы тығырыққа тіреліп, басқару ресурстары әлсіреді. Менінше, діншіл клерикалдардың саяси билігі ел ішінде де, аймақта да прагматик саясат жүргізіп отырған жок. Иран шииттік идеологияға арқа сүйеген «революция арқылы құрылған ислам республикасы» ретінде Таяу Шығыста тым үлкен күш пен шығынды қажет ететін тиімсіз, тіпті зиян аймақтық саясат жүргізіп келді. Араб елдерінің дені Иранды дұшпан ел көреді. Былтыр Израиль мен АҚШ-тың аталған елге жасаған әскери-ақпараттық шабуылы және Иранның аймақтағы прокси одақтастарын әлсірету операциялары, Трамптың ирандық жастарды моральдық, ақпараттық қолдауы осы көтерілістердің



толастамай күрделене түсуіне себеп болды. Ирандықтар осы акциялар арқылы өз басшылары жүргізген ішкі, сыртқы саясатқа наразылығын білдіріп отыр. Сондықтан бұл жерде жалпы саяси, экономикалық жүйенің, дипломатияның реформалануын қалайтын халықтың үні жатыр. Иран халқы демократиядан бұрын соншама ірі мүмкіндіктерге ие қоғамның кедейленуіне қарсы, — дейді Жанат Момынқұлов.

Қазір Ирандағы ереуілдерді билік күшпен басуға тырысып жатқанын жаһандық БАҚ сәт сайын хабарлап отыр. Дегенмен толқулардан көбірек ақпарат алу әлі де қиын болып тұр. Себебі билік көп жерде интернетті өшіріп, байланысты шектеген. Халық Starlink интернетін қолдануға тырысып жатқанымен, билік оны да шектегені айтылды. Мысалы, Иран үкіметі кеше жүздеген дана интернет таратушы құрылғылар тәркіленгенін жариялады. Ал ғаламторда бұған дейін тараған бейнежазбалардан ереуілшілердің тым көп екенін, зарлап шеккендердің де барын байқалдық. Наразылар Ирандағы билік режимінің өзгеруін, аятолла Әли Хаменеидің биліктен кетуін талап етуде.

— Иранда жүргізушілердің, зейнеткерлердің, зауыт жұмысшыларының ұсақ наразылықтары да болып келді. Бірақ ірі масштабтағысы ретінде 2022 жылғысы мен биылғы толқуды айта аламыз. Енді билік көтерілісшілерге қарсы оқ атып, қастығыстарға ұласқанын көріп отырмыз. Қаза тапқандар мен ұсталғандардың саны әзірге нақты емес, дегенмен мәйітханалардың толғанын, жараланғандарға дәрігерлер көмек көрсетіп үлгері алмай жатқанын естідік. Яғни, шығын көп төрізді, — делі ирантанушы Қуанышбек Қари.

Жарты айдан астам уақыт бойы өтіп жатқан көтерілістерде 2 мыңнан астам қаза тапқанын 13 қантарда Reuters хабарлады. Агенттіктің мәліметінше, Тегеран көтерілісті күшпен басу кезінде көп адам қаза тапқанын алғаш рет мойындап отыр. Тіпті, Ирандағы парламент депутаты Мохаммадреза Сабагинан билікті халық талабын орындауға шақырған. Бұл уақытта CNN телеарнасы Тегеранға жақын мандағы мәйітхана қара қапқа салынған мәйіттерге толғаны туралы жазды. Бас кеңсесі АҚШ-та орналасқан HRANA адам құқықтарын қорғау ұйымының дерегінше, Кахризак медициналық орталығындағы уақытша мәйітханада шамамен 250 адамның сүйегі жатыр. Ұйым дерегінше, наразылық басталғалы бері 10 721 адам ұсталған. Өйтсе де, бұл деректер сағат сайын жанарып, өзгеріп жатқанын ұмытпаған жөн.

САНКЦИЯ САЛДАРЫ

Иран билігі елдегі жағдайдың «бақылауда» екенін айтып, сыртқы күштерді айыптаумен әлек. Мәселен, Иран президенті Масуд Пезешкиан наразылыққа шетелмен

байланысы бар «террористерді» айыптады. Пезешкиан АҚШ пен Израиль Иранда «хаос пен тәртіпсіздік жасауға тырысып жатыр» деп мәлімдеген. Иранның рухани көсемі, елдегі билікті ұсыында ұстап отырған Әли Хаменеи 9 қантарда наразыларды «АҚШ президентіне жакқысы келген басбұзарлар» деп айыптаған.



Вашингтон Ирандағы дағдарысқа тікелей әскери күш арқылы араласа қоймайтын секілді. Трамптың кейінгі мәлімдемелері – саяси және психологиялық қысым тетігі. АҚШ Иранға қарсы әскери операциядан гөрі санкциялар, дипломатиялық оқшаулау және ақпараттық қолдау арқылы ықпал етуді жөн көреді.

Қуанышбек Қаридың сөзінше, ереуілдерге Иран билігінің халықты шектен тыс қысуынан гөрі, мемлекеттің халықаралық санкциялардың шырмауында қалуы көбірек себеп болып отыр. Өйткені санкциялардан соң елде әлеуметтік мәселелер туындай берген.

— Иранның санкцияға ілігуіне Палестина, Ливан, Йемендегі қарулы күштерді қолдауы да себеп. АҚШ пен Еуропа елдері Иранға осы қолдауын доғарсын деп отыр. Бұған қоса, Иран ядролық бағдарлама жолында жұмыс істеп жатыр. «Бейбіт максатта пайдаланамыз» дегенмен, кәрі құрлық елдері оған сенбейді, ядролық қаруға қол жеткізеді деп қауіптенеді. Осы санкциялардан кейін 90 млн халықтың әлеуметтік мәселесін шешу билік үшін проблемаға айналды, — деп топшылады ирантанушы.

Халық бас көтеріп жатқан тұста наразылықтарға қатысты риторика да күшейе түсті. Мысалы, 1979 жылы биліктен қуылған Шах әулетінің бұрынғы мұрагері, қазір Америкада өмір сүретін Реза Пехлеви наразылық білдірушілерді тек минтинглермен шектелмей, қалалардағы маңызды нысанларды басып алып, ұстап тұруға дайындалуға шақырды. Ал Иран билігі акцияларға қатысушыларды өлім жазасымен қорқытып келеді.

— Ел көшеге шығудан аянған жок, билік тек жаныштаудан қайтпай келеді. Бұрынғы ереуілдерді билік лезде басып-жаныштап тастайтын, ал осы жолы бірден тойтара алмады. Көтерілісшілердің саны көп, бұған қоса, сырттан моральлық қолдау тапты. Бұл қолдауды кезінде Ираннан қуылып кеткен соңғы шахтын баласы Реза Пехлеви көрсетті. Кезінде халық Шах режимін осындай ереуілдермен құлатып, қуып жіберсе, енді 1979 жылы орнаған ислам жүйесінің одан сорақы болғанын көріп, басқа биліктің келгенін қалап отыр. Балама билік ретінде қазір оппозиция саналатын Реза Пехлевиден басқа ешкім жок. Қазір оның үндеуі мен шақыртуларына халық

құлақ асып отыр. Әрине, бәрі қайтадан бұрынғы Шах режимін қалап отыр дей алмаймыз, бірақ ел қазіргі исламдық жүйеден қажыды, — делі Қуанышбек Қари.

Қазір Ирандағы жағдайға қатысты қауесет аз емес. Өткен аптада билік басқа нұсқаларды қарастырып жатқанын, яғни наразылық тоқтамаса, өзге елдерге қашу

жоспарын жасап жатқаны жөнінде ақпараттар тарады. Тіпті, Иран билігі ондаған тонна алтынды ұшаққа салып, Ресейге жөнелтіп жіберген-мыс. Алайда бұл нақтыланған ақпарат емес. Десе де, Қуанышбек Қаридың айтуынша, өткен аптада ирандық БАҚ Ресейден 5 жүз таситын ұшақтың келіп қонғанын хабарлаған. Онда әскери ұшақтардың қосалқы бөлшектері болғаны айтылыпты. Шындығын анықтау қиын, қауесет көп. Тіпті, аятолланың өзін елден кетіпті деген жаңалықтар тарады.

— Иә, бұл жолы билік шын үрейленді. Осыған дейін президенті жұмыстанып көрді. Бірақ жоғарғы билік аятолланың қолында. Ол үшінші күштерді, халықтың өзін де кінәлап отыр. Осы жолы билік құлай қоймас, алайда шегіне жетіп қалған іспетті. Бұл жолы құламаса, алдағы толқуларда құлауы мүмкін. Халық діни жүйені қаламайтын жағдайға жетті. Себебі қоғамға берер пайдасы аз екенін көрді. 1979 жылы Шах режимін қуған кезде діни режим орнады, халық сенді. Енді сол сенім аяққа тапталып, ел билікке қарсы күресіп жатыр. Халық зайырлы қоғамның құрылуын қалайды. Яғни, демократияны қалаған болып саналады. 90 млн халықты бұлай басып-жаныштау тек наразылық тудыра бермек, — дейді ирантанушы.

ИРАН КЕЛЕШЕГІН СЫРТҚЫ КҮШТЕР РЕТТЕЙ МЕ?

Ендігі мәселе — Ирандағы наразылықтарға сыртқы күштер араласа ма? Қазір кәрі құрлық елдері ирандық елшілерді шетке ысырды, дипломаттардың өз ғимараттарына кіруіне тыйым салды. Бұл тұста АҚШ Президенті Дональд Трамптың мәлімдемелері назар аудартады. 11 қантарда АҚШ билігі Ирандағы наразылықты басып-жаншып жатқан билікке қатысты «қатаң шаралар» қабылдауды қарастыратынын мәлімдеді. Трамп Иран басшылығының Вашингтонмен келіссөз өткізуге ниетті екенін де қоса айтқан.

Бір күннен кейін Иран сыртқы істер министрі Аббас Аракичи Трамп пен америкалық шенеуніктердің сесінен кейін Тегеран «келіссөзге де, соғысқа да дайын» деп мәлімдеді. Бірақ келіссөздер әділ өтуі керек екенін ескерткен.

Бұдан кейін АҚШ басшысы Иранмен сауда жасасқандарға 25 пайыз салық салатынын жеткізді. 14 қантарда Трамп бұл тақырыпқа қайта оралды. Иранда қаза тауып жатқандардың көп екеніне тоқталған ол, жақын аралықта Тегеранға қарсы қандай шаралар қолданатынын нақтыламақ. Бұл шаралар қандай түрде болуы мүмкін, әскери бағытта ма, әлде экономикалық қысыммен өрби ме?

— Вашингтон Ирандағы дағдарысқа тікелей әскери күш арқылы араласа қоймайтын секілді. Трамптың кейінгі мәлімдемелері — саяси және психологиялық қысым тетігі. АҚШ Иранға қарсы әскери операциядан гөрі санкциялар, дипломатиялық оқшаулау және ақпараттық қолдау арқылы ықпал етуді жөн көреді. Толыққанды соғыс сценарийі аймақ үшін де, АҚШ үшін де тым қауіпті. Сырттан агрессия болса, билік қоғамды өзінің манайына топтастырады. Десе де, АҚШ Иранның қатаң позициясын жұмсарту бойынша саяси элитамен келіссөз жүргізуі немесе әртүрлі қысымдар көрсетуі ықтимал, — дейді саясаттанушы Жанат Момынқұлов.

Халықаралық сарапшының сөзінше, алдағы кезеңде оқиға бірнеше сценариймен өрбуі мүмкін. Біріншісі, билік үшін қолайлы нұсқа — күш қолдану арқылы наразылықты уақытша басып, режимді сақтап қалады. Діни сипаты бар бұл терең саяси идеология оп-онай жойылмайды.

Екіншісі, дағдарыстың күрделенуі — Трамптың моральдық қолдауымен наразылық жиілеп, элитаішілік бөліністердің көбейеді. Қазірге дейін мұндай жіктеліс болған жоқ. АҚШ тиімді кибер-әскери операция арқылы Иранның нақты әскери шенділеріне соққы жасап, режим билігіне ықпал етуді көздеуі мүмкін. Ирандағы реформаторлар Трамппен саяси режимнің қандай болатыны туралы келісуі мүмкін.

Ал ең соңғы нұсқа — билік наразылықты біршама жаншып алған соң, сыртқы күштер қысымымен жабық мәмілеге келіп, «саяси-экономикалық жеңілдіктер жасу» бағытында «реформалар пакетін» жасап, он өзгерістерді уаде ету арқылы уақыт ұтуға тырысады. Алда Хаменеидің орнына басқа діни лидердің кандидатурасы талқыланып, ашық айтыла бастауы ықтимал.

Демек, саяси өзгерістер болмайынша Иран бұрынғы қалпында қала алмайды. Санкция салдарынан болатын экономикалық құлдырау, қоғам қысымының артуы, саяси сенімнің жоғалуы алдағы кезеңде тағы да ереуілдердің басталуына алып келуі ықтимал.

Осы тұста ирантанушы Қуанышбек Қари АҚШ Иран халқын қолдап отырғанын, бірақ бұл халықаралық құқық бойынша ішкі іске араласу болып саналатынын алға тартты.

— АҚШ Иран билігімен ядролық бағдарлама бойынша бітімге келе алмады. Таяу Шығыстағы қарулы топтарды қолдауын тоқтату туралы АҚШ-тың талабын Иран орындамай отыр. Сол қарулы топтарға бөлінген миллиардтаған доллар да халықтың ереуіліне себепші. Қазір

«Керек емес, Газа, Ливан, Жанымды қидым саған, Иран!» деген ұрандар айтылып жатыр.

Соғыстың болуы, азаматтық соғыстың тұтануы секілді мәселелердің ауылы әлі алыс сияқты. Егер қазіргі діни билік құлар болса, халық референдум арқылы өздеріне ұнайтын жүйені таңдап алады. Менің ойымша, соғыс бола қоймайтын секілді. Діни билік кетсе, олардың ықпалы шектеледі. 1979 жылға дейін Иран батыстық даму үлгісін көрді. Зайырлы қоғамды дамыту бойынша тәжірибесі бар. Осыныша жан беріп, қан төгіп жеткен жетістігін соғыс үшін саудаламайтын шығар, — деп түйіндеді сарапшы.

Сонымен, Таяу Шығыстағы жағдай сәт сайын құбылып отыр. Бірақ ақыры қалай боларын ешкім дөп басып айта алмас. Түрлі болжам мен сценарий бар. Нәтижесі қалай боларын уақыт көрсетер.

ТАРАПТАР МҮДДЕСІН ТОҒЫСТЫРҒАН ТОРАП

13 қантарда Вашингтонда АҚШ Мемлекеттік хатшысы Марко Рубио мен Арменияның сыртқы істер министрі Арарат Мирзоян кездесті. Екі тарап «Халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолындағы Трамп бағыты» (TRIPP) жобасын іске асыру аясында Армениядағы көлік жолдарын дамыту үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге келді.

ЖОБАНЫҢ САЯСИ ЖЕТІСТІГІ
Негізі, TRIPP жобасы экономикалық мүдделерді ғана мақсат етпейді, түпкі жоспар — Армения мен Әзербайжанның қауіпсіздігі мен өркендеуіне жол ашу. Жобаны іске асыру жөніндегі Негіздемелік бағдарлама былтыр 8 тамызда Ақ үйде қабылданды.

АҚШ сыртқы саясат ведомствосының баспасөз қызметі жариялаған мәтінге сәйкес, Негіздемелік бағдарлама Армения Республикасы аумағы арқылы кедергісіз транзиттік қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған. Транскаспий сауда жолының негізгі буынын қалыптастыруды да көздейді. «TRIPP жобасының түпкі мақсаты — Армения мен Әзербайжанның қауіпсіздігі мен өркендеуін нығайту, сондай-ақ өңірлік сауда байланыстарын кеңейту, көлікке қолжетімділікті арттыру және Орталық Азия мен Каспий өңірін Еуропамен байланыстыратын жана транзиттік бағыттар құру арқылы америкалық сауданың дамуына ықпал ету», — деп мәлімдеді АҚШ Мемлекеттік департаменті.

Армения Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, Арарат Мирзоян мен Марко Рубио Вашингтонда TRIPP жобасын іске асырудың Негіздемелік бағдарламасымен толық танысу үшін кездескен. Көп өтпей Армения СІМ сайтында TRIPP жобасын іске асырудың Негіздемелік бағдарламасының толық мәтіні жарияланды.

Онда TRIPP жобасы аясында Армения мен АҚШ TRIPP жобасын іске асыру үшін бірлескен кәсіпорын құратыны жазылған. Арменияның егемендігі толық сақталады, бірақ бақылау пакеті АҚШ-қа тиесілі екені жазылған. Армения TRIPP Development Company компаниясын құруға рұқсат беріп, оны қолдауға ниетті болып отыр. Компанияға TRIPP жобасын дамыту үшін бастапқыда 49 жыл мерзімге құқық беру жоспарлануда. Армения АҚШ-қа компания акцияларының 74%-ын ұсынуды, ал өзінде 26%-ын қалдыруды көздеген. Бұл өріпестікті тағы 50 жылға ұзарту және Армения үкіметінің үлесін кейін 49%-ға дейін арттыру жоспарланған.

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?

Бұл жоба түптеп келгенде Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызын арттыра түседі. Орта дәліздің батысқа ашылған жолын ұзартады. Сондықтан Қазақстан тарапы бұл жоспарды толық құптады.

Былтыр қарашаның басында АҚШ-қа барғанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамппен келіссөз жүргізгені есте. Сонда Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дәлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трамптың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Көп өтпей, қарашаның орта тұсынан асқанда Қазақстанға Армения Премьер-министрі Никол Пашинян ресми сапармен келіп, тақырып тағы сөз болды. 21 қарашада Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашинян екі ел өнеркәсіп, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, құрылыс және басқа да салалардағы серіктестікті дамыта алатынына назар аударып, соның ішінде көлік-транзит бағытының әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән берді.



— Оңтүстік Кавказдағы жана геосаяси ахуал екіжақты және аймақаралық ынтымақтастықты нығайтуға қолайлы жағдай туғызып отыр. Қазақстан Арменияның көлік-транзит саласындағы «Бейбітшілік киылысы» бастамасын қолдайды. Сондай-ақ біз «TRIPP халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолы» жобасына қатысуға қызығушылық танытып отырғанымызды растаймыз. Осы стратегиялық дәліздерді Транскаспий халықаралық көлік бағдарымен

және Солтүстік-Оңтүстік дәлізімен ұштастыру екі елдің де мүддесіне сай келеді, — делі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

АҚШ пен Армения жасаған халықаралық жобаның мақсаты түптеп келгенде Орталық Азия елдерінің мүддесімен тоғысып отыр. Келешекте Транскаспий халықаралық көлік бағытымен ұштасып, экономикалық тиімділігін көрсетеріне үміттіміз.

15 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

ТАБИҒАТ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ ҮЙЛЕСІМ ТАПҚАН ӨЛКЕ

Шығыс Қазақстанды «өнеркәсіп аймағы» деген бір ғана анықтамамен шектей алмаймыз. Өйткені мұнда жердің қуатын білетін, мал мен егінді қатар ұстайтын мықты агроөнеркәсіп кешені қалыптасқан. Сол себепті облыс тек өз халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп қоймай, басқа өңірлерге де өнім жіберуге қауқарлы.



А Кәмила ДҮЙСЕН

Жергілікті шаруалар жыл сайын егістіктен экологиялық таза, сапалы өнім алып келеді. Соның арқасында өңір наннан бастап, ет пен көкөніске дейін негізгі 15 азық-түлік түрі бойынша халқының сұранысын толық жабады. Тіпті 100 пайыздан да көп. Яғни, нан, ұн, сиыр мен қой еті, шұжық, күс еті, балық, күнбағыс майы, картоп пен көкөністер — бәрі өңірдің өз өнімі.

2025 жылдың алғашқы 11 айында облыстың азық-түлік өндірісіндегі өсім де назар аударарлық: нақты көлем индексі 111,2 пайыз болды. 2024 жылмен салыстырғанда өсім бірқатар өнімде айқын байқалды: өсімдік майлары +12,3%, ұн +17,5%, күнбағыс майы +17,5%, балық өндіру +35%-дан аса, жарма +64,3%, ірімшік пен сүзбе +10%, жартылай фабрикаттар +43,4%.

Бұл көрсеткіштер жай статистика емес, отандық нарықтағы Шығыс Қазақстанның салмағын көрсетеді. Мысалы, Шығыс Қазақстан өсімдік майының 38%-ын, балдың 58%-ын, қымыздың 32%-ын, балықтың 25%-ын өндіру арқылы республикада бірінші орында. Ал балкытылған ірімшік (20%), қарақұмық жармасы (25%), құрт (14%) және бидай ұны (43%) бойынша елде екінші орынға шыққан.

Шығыс Қазақстанның бір ерекшелігі — табиғаты мен жері әрқелкі. Бір жерде суармалы алқап, бір жерде жайылым мен шабындық, енді бір жерде құнарлы егістік. Осындай алуан климат пен топырақ өсімдік шаруашылығын кеңейтіп, өнімді экспортқа шығаруына жол ашып отыр. Оның үстіне мұндай база жем-шөп қорын барынша күшейтіп, сүт пен ет бағытындағы мал шаруашылығын, күс өсіруді дамытуға мүмкіндік береді.

Өңір шаруалары соңғы жылдары өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға бет бұрды: жоғары рентабельді дақылдарды өсіру өңдеу өнеркәсібін алға сүйреп, өңірде жана өндірістердің пайда болуына түрткі болды.

КҮНБАҒЫСЫ САРЫ АЛТЫНДАЙ

Шығыс Қазақстан ежелден күнбағыс майының орталығы саналады. Қазірдің өзінде мұнда жылына шамамен 1 млн тоннаға дейін шикізат өңдей алатын 13

Өндірістік циклі тұтас болып келетін өнеркәсіп түрлері отандық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және жалпы саланың тұрақты дамуына елеулі үлес қосады.

Зауыт қазіргі заманғы экологиялық стандарттарға толық сәйкес келеді. Өйткені озық жабдықтармен жабдықталған, тазарту құрылыстары бар және қалдықсыз өндіріс қағидаты бойынша жұмыс істейді. Өндірістік қуаттылықтар жыл сайын 74 мың тоннаға дейін өсімдік майы мен 64 мың тонна шрот шығаруға мүмкіндік береді. Тәулігіне кәсіпорын 500 тоннадан астам күнбағыс тұқымын немесе 400 тонна рапсты өңдейді.

Сонымен қатар облыста биыл Глубокое ауданы Предгорное ауылындағы «Алтын Шығыс» ЖШС май зауытында тазарту, дезодорациялау және май орау цехын салу



май зауыты жұмыс істейді. Соның нәтижесінде республика бойынша өндірілетін өсімдік майының 40 пайыздан астамы осы өңірге тиесілі. Күнбағыс майын өндіруде Қазақстан бойынша екінші орынға шығып, бұл саладағы негізгі күштің бірі екенін көрсетіп отыр.

Өңдеуді дамыту — жай ғана экономикалық есеп емес. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігі, импортқа тәуелділікті азайту, жергілікті өнімнің өз нарығында үстем болуына қатысты маңызды фактор.

2024 жылдың соңында өңірде тағы бір ірі жоба Алтай Май зауыты іске қосылды. Толық циклді, жоғары технологиялы экстракциялық зауыт жылына 169 мың тонна өсімдік майын шығарады. Жоба 2021 жылы басталған, ал іске қосылуы агроөңдеу саласына жана серпін берді. Өйткені мұндай зауыттар ауылда өсірілген өнімді сыртқа шикізат күйінде жібермей, өзімізде өңдеп, дайын тауар ретінде шығаруға жағдай жасайды. Яғни, экономика тілімен айтқанда, қосылған құн қалыптасып, пайда мен табыс ел ішінде қалады.

Бүгінгі таңда жобаға құйылған инвестицияның жалпы көлемі 26 млрд теңгеден асты, оның ішінде жергілікті бюджеттен 2,5 млрд теңге қаржы жұмсалған. Қаржыландыру ауқымы жобаның стратегиялық маңыздылығын көрсетеді. Кәсіпорынның іске қосылуы отандық өнім шығаруды едәуір ұлғайтуға және Қазақстанның ішкі нарығын жоғары сапалы тазартылған дезодорацияланған күнбағыс майымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

жобасын іске қосу жоспарлануда. Қуаттылығы жылына 300 мың тонна өнім өндіреді.

ИННОВАЦИЯ ЭКСПОРТҚА ТІРЕК

Экспорттық бағыттарды кеңейтуге ерекше назар аударылды. Өнімдер қазірдің өзінде халықаралық талаптарға сәйкестігін растайды: Қытай Халық Республикасына жеткізуге келісімшарттар жасалды.



Экспорттық географияны кеңейту Шығыс Қазақстанның әлемдік май өнімдері нарығының сенімді қатысушысы ретіндегі ұстанымын нығайтады.



Бұған дейін облыс басшысы Нұрymbет Сақтағанов «АПК-ны цифрландыру — сән қуалау емес. Бұл субсидияларды бөлу үдерісін ашық әрі тиімді етудің жалғыз жолы», — деп атап өткен болатын. Осындай қолдаудың нәтижесінде экспорттық динамика да өткен жылы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Атап айтқанда, шетелдік нарыққа өңір 159 млн АҚШ долларына 156 мың тонна өнім жіберді, бұл ұлттық май экспортының шамамен 30%-ын құрайды.

Шығыс Қазақстан кәсіпорындарының өнімдері Қытай мен Орталық Азия елдерінде тұрақты сұранысқа ие. Шанхайдағы 8-ші қытайлық халықаралық импорт көрмесінде аймақтың кәсіпорындары қытайлық компаниялармен 26 млрд теңгеге жана ірі келісімшарттар жасасты. Бұл шығыс өңірдің өнімдері бәсекеге қабілетті екенін және халықаралық серіктестер жоғары сенім артып отырғанын білдірсе керек.

Жалпы, қайта өңдеу қуаттарын дамыту өткен жылы АӨК өнімінің экспорт көлемін 20%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді, бұл ретте қайта өңделген өнімнің үлесі 69%-ға жетті, ал 2024 жылы 63,9% болатын.

Облыста суармалы егіншілік жоспарлы түрде, себебі су үнемдеу технологияларын енгізуге баса назар аударылып отыр. Мысалы, өткен жылы облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 1,5 мың гектардан астам алқапта жаңбырлатып суару жүйесін орната отырып, 5 жобаны іске асырды. Тауу болашақта осы технологиялардың көмегімен аумақты 30 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда.

АҚ МОЛ БОЛСА, БАҚ МОЛ БОЛАР

Соңғы жылдары облыста сүт шаруашылығы көлемі артып келеді. 2025 жылғы 11 айында ішкі сүт өндірісі 10%-ға, бұл ретте ауыл шаруашылығы құрылымдарында

касының іргетасы. Біздің міндет — аграрийлерге жеңілдетілген несиеге және заманауи техникаға қол жеткізуді қамтамасыз ету», — деп, мемлекет мүддесі жана технологияны шаруаларға қолжетімді ету екенін тағы бір еске салған болатын.

Расымен де, былтырғы жылдың соңында облыста жасампаз еңбектің, инновацияның және мемлекеттік қолдаудың нышанына айналған екі заманауи сүт-тауар фермасы пайдалануға берілді. Олар бүгінде өңірдің және бүкіл елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуда.

Алтай ауданының Полянское ауылында 1 075 жемдік ірі қара малға есептелген «Мойылды-Байқоңыр» ЖШС мега-фермасы іске қосылды. Жобаға 4,7 млрд теңге инвестиция салынды, бұл облыстың ауылдық аумақтарын дамытуға және экономикалық қуатына қолмақты үлес болды. Ферма жоғары сапалы сүттің тұрақты өндірілуіне кепілдік беретін өзінің жем-шөп базасымен қамтамасыз етілген. Кәсіпорынның кезең-кезеңімен іске қосылуы алғашқы нәтижелерге қол жеткізді: асыл тұқымды мал басынын түсуі және жомарт Алтай жерінде өндірілетін сүт өңір мен елдің мақтанышына айналды.

Шығыс Қазақстан облысында Ұлан ауданында «Украинка» ШҚ роботтандырылған сүт-тауар фермасының ашылуы да маңызды оқиға болды. Ферманың қуаттылығы ауқымды модернизациядан кейін 460 бас сауын табынына жетті. Бұл жобаға жалпы көлемі 2,7 млрд инвестиция құйылған. Ферма роботты сауу жүйесімен және малды азықтандыру мен күтудің автоматтандырылған желілерімен жабдықталған. Сондықтан оны өнімділікті арттыратын және аймақтағы мал шаруашылығы мәдениетін жана деңгейге көтеретін технологиялық серпіліс деп айтуға толық негіз бар.

Алтай мен Ұлан ауданының бірегей табиғи-климаттық жағдайлары екі фермаға да ерекше құндылық береді. Себебі сапалы сүт өндіру үшін таза тау ауасы мен шөбі шүйгін жайылымның, жазы салқын климаттың маңызы зор. Табиғат пен технологияның бұл үйлесімі Алтай сүтін туған өлкенің символына айналдырады.

«Украинка» ШҚ «Шығыс-Сүт» корпорациясының құрамына кіреді, фермадан бастап дайын өнімді өңдеуге және сатуға дейінгі толық өндірістік циклды қамтамасыз етеді. «Мойылды-Байқоңыр» ЖШС-мен бірге бұл кәсіпорындар Шығыс Қазақстанның қуатты сүт кластерін қалыптастырады, жана жұмыс орындарын ашады, ауыл экономикасын қолдайды және өңірдің азық-түлік тәуелсіздігін нығайтады.

Екі сүт-тауар фермасын ашу — бұл жай ғана нысандарды іске қосу емес. Бұл ауыл еңбегінің дәстүрі сақталған Шығыс Қазақстанда инновацияның ілгері басқанын білдіреді. Демек, бүгін Алтай жері дүім жұртты азықтандырып қана қоймай, ел азаматтарына еңбек орнын ұсынып, отандық өнеркәсіптің болашағын қалыптастырып отыр деп нық сеніммен айта аламыз.

«ТІРІ БІЛІМ» ОҚУШЫНЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Бүгінде білім туралы жиі айтамыз. «Шығармашылық», «сыни ойлау», «функционалдық сауаттылық», «креативті көзқарас» деген тіркестер күнде қолданылады, құлаққа сіңіп барады. Кейде осының бәрі бізге жаңа заманның ғана талабы сияқты көрінеді. Ал шын мәнінде, бұл ұстанымдардың түп-тамыры қазақ ойында бұрыннан бар.

Мәселе сол өзекке қайта орала алдық па, жоқ па — сонда... Қазіргі мектеп бұрынғыдай тек білім беретін орын ғана емес. Ол — ойланатын, таңдайтын, жауапкершілік алатын тұлға қалыптастыратын орта. Оқушы тек ақпаратты жаттап қоймай, оны қолдана білуі керек. Әлемдік білім жүйесінде бұл «әрекетке негізделген оқу» деп аталады. Ал кей елдерде шығармашылық ойлау, өмірмен байланыс басты құндылық саналады. Оқушы білімді өмірінен алшақ сезінсе — нәтиже де солғын болады. Бұған қарап «бұл бізге жат» деуге бола ма? Жок.

Ахмет Байтұрсынұлы білімді «тірі» және «өлі» деп бөлгені белгілі. Жаттауға құрылған, өмірмен байланысы жоқ білім — өлі білім. Ал адамды ойландырған, әрекетке жетелеген, тәжірибеде қолданылатын білім — тірі білім.

Ұлт ұстазының бұл ойы бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, әлемдік педагогика айтып жүрген жанашыл тұжырымдардың барлығы осы тірі білімнің әртүрлі атауы ғана сияқты. Аханьның «мәніс білім көп те, әдіс білім аз» деген сыны — қазіргі мектеп үшін де өзекті.

Ұлттық мектеп дегеніміз — өткенге байланып қалу емес. Ол — заманмен үндесе отырып, өз тамырын сақтай алатын мектеп.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы өз ұстанымым дәл осы жерден басталады. Оқушы бұл пәндерді тек бағдарлама үшін емес, өмірі үшін қажет екенін сезінуі керек. Бүгінгі бала — цифрлық кеңістіктің баласы. Әлеуметтік желі, қысқа видео, визуалды мәтін — оның күнделікті ортасы. Мәселе баланың желіде болуында емес, мәселе — сол кеңістікті қалай пайдаланып жүргенінде. Егер оқушы көркем мәтінді бүгінгі өмірмен байланыстыра алса, кейіпкерді қазіргі заман көзқарасымен талдаса, өлең мен прозаны медиа тіліне аударса білсе — әдебиет оған жат болмайды.

Мен сабақ барысында осыны байқаймын: бір тапсырма дұрыс қойылса, бұрын үндемей отырған оқушы да ой айта бастайды, мәтінге жан кіреді, оқушы өзі жасаған дүниесіне жауапкершілікпен қарайды. Бұл — шығармашылық қабілетті дамытып оқыту.

Осы тәжірибеге сүйені отырып, «Жоба жасау арқылы оқушының шығармашылық қабілетін дамыта отырып, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту» атты авторлық бағдарлама әзірледік. Оның өзінде Ахмет Байтұрсынұлының «тірі білім» ұстанымы жатыр. Яғни, А. Байтұрсынұлының «тірі білім» ұстанымын заманауи форматта қолдану,

оқушының «нені» және «не үшін» жасап отырғанын нақты түсінуі, оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым дағдыларын бір-бірімен табиғи байланыстыру, қазақ тілінің сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас әдебиі сияқты қолданымдық қырларын жоба арқылы менгерту, фонетика, лексика, грамматика, стилистиканы дайын ереже емес, тәжірибе үстінде таныту тәрізді бағыттарды қамтыдық.

Бұл жердегі мақсат — оқушыны тыйып ұстау емес, бағыт беру. Технологияны жоққа шығару емес, оны ұлттық мазмұнмен толықтыру.

Білім өмірге қызмет етпесе — ол толыққанды білім емес. Мектеп баланы өмірге дайындауы керек. Ал өмір — әрекеттен тұрады. Әрекетке жетелемеген оқу тірі болмайды. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, тірі білім — мәніс білімі мен әдіс білімі қатар жүргенде ғана қалыптасады. Бүгінгі мектептің басты міндеті — осы екеуінің арасындағы көпірді қайта жалғау.

Еділ АНЫҚБАЕВ,
Шоқан Уәлиханов атындағы
жескеменшік мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі



Түркістан облысында заңсыз құрылысқа байланысты мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Құрылыс қағидалары мен мемлекеттік талаптарды белден басып, рұқсатсыз немесе жобадан ауытқып салынған нысандар әлі де бар. Бұл тек құжаттық кемшілік емес, ең алдымен адам өмірі мен қауіпсіздігіне төнген тікелей қауіп. Осы мәселе облыс әкімдігінде өткен арнайы жиында кеңінен талқыланып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берілді.

АЙМАҚ

15 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҚҰРЫЛЫС ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Жиында мәлім болғандай, бүгінде Түркістан облысында жанадан салынып жатқан 469 құрылыс нысанында түрлі заңбұзушылық анықталған. Соның салдарынан жауапты тұлғалар мен мердігер ұйымдарға 325 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. Бұл — заңсыздықтың жай ғана статистикасы емес, саладағы жүйелі олқылықтың айқын көрінісі. Ен сорақысы, 40 нысанның құрылысы заң талаптарына мүлде сай келмегендіктен, оларды мәжбүрлеп бұзу туралы шешім қабылданған. Қыруар қаржы жұмсалып, бой көтерген ғимараттардың енді жермен-жексен болу қаупі — жауапсыздықтың нақты салдары.

Қазір облыс аумағында 1 722 құрылыс нысанының құрылысы жүріп жатыр. Оның барлығы мемлекет бақылауына алынған. Бұл — жай формалды бақылау емес, әр кірпішке дейін есепке алынуға тиіс жауапты процесс. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров жиында бұл мәселеге ерекше тоқталды. Облыс басшысы заңсыз салынған әрбір нысан тек



құрылыс нормаларын бұзу емес, мемлекеттік жоспарлауға, аймақтың сәулеттік келбетіне және құрылыс саясатына қарсы жасалған әрекет екені айтты. «Заңсыз құрылыс — адам өміріне төнген қауіп. Бүгін көз жұма қараған олқылық ертең орны толмас өкінішке айалуы мүмкін», — деді аймақ басшысы.

Сонымен бірге, облыс әкімі тәртіпті күшейтеміз деп бюрократияны көбейтуге жол бермеу керек екенін қадап айтты. Себебі қарапайым тұрғындар айлап, тіпті жылдап құжат жинап, табалдырық тоздыруға мәжбүр болмауға тиіс. Заң бар жерде тәртіп те, әділдік те қатар жүруі керек. Алайда

кейбір аймақтарда, әсіресе шекаралық, демалыс және рекреациялық аумақтарда өз бетінше құрылыс салу деректері жиілеп кеткен. Мұндай аумақтар ерекше қорғалатын аймақтар, онда бей-берекет құрылыс салу экологияға, табиғи тепе-теңдікке орасан зиян келтіреді. Облыс әкімі бұл бағытта қатаң тыйым салынатынын ашық айтты.

Енді заңсыз құрылыс анықталған жағдайда тек мердігерлер ғана емес, ауыл, аудан әкімдері мен салаға жауапты шенеуніктер де жауапкершілікке тартылады. Мәселенің ушығып тұрғанын тағы бір дерек дәлелдейді. 2025 жылдың өзінде бюджет қаржысы есебінен салынып жатқан 100 құрылыс нысанында заңбұзушылық анықталған. Соған байланысты 121 әкімшілік хаттама толтырылып, 103 миллион теңге айыппұл салынған. Бұған қоса, талапты өрескел бұзған кейбір құрылыс компанияларының лицензиялары бойынша жекелеген жұмыс түрлері уақытша тоқтатылған. Бұл — мемлекет тарапынан жасалып отырған нақты әрі қатаң қадам. Себебі сапасыз, заңсыз салынған әр ғимарат болашақта апатқа, адам шығынына, миллиардтаған шығынға алып келуі мүмкін.

Қорытындылай айтқанда, Түркістан облысында құрылыс саласында тәртіп орнату кезеңі басталды. Бұл — тек тексеру мен айыппұл емес, жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған шешуші қадам. Заңсыздыққа көз жұма қарау тоқтайды. Ал заңды, сапалы, қауіпсіз құрылыс өңір дамуының басты кепілі болмақ.

«ҚАРАЛМА» ҚАШАҢҒЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛАДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында елімізде туризм саласы кенжелеп тұрғанын ашып айтты. Әсіресе, Президент тау-шаңғы туризмі тұралап тұрғанын, барды ұқсата алмай жатқанымызды жеткізді. Мұндай олқылық Жамбыл облысында да болып жатыр. Атап айтсақ, кезінде жарнамасы жер жарған «Қаралма» тау-шаңғы кешені бүгінде жетімнің күнін кешіп тұр.



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Әңгіменің әлқиссасын әріден бас тасасқ, «Қаралма» тау-шаңғы кешенінің құрылысы 2018 жылы қолға алынған болатын. Сол кездегі облыс әкімі Асқар Мырзахметов бұл нысанды мегажобаға балаған. Расында, сол тұста халық «Енді шаңғы тебеміз деп өзге өңірге бармайтын болдық» деп қуанды. Құрылысқа жауапты инвестор «ТаразҚұрылыс-2004» ЖШС-ның жұмысы бастапқыда ширақ көрінген. Жоба құны 6,3 млрд теңгені құраса, құрылыс жұмыстары 2020 жылы бітеді деп күтілді. Алайда екі жылдан кейін жеке кәсіпкер қаржы тапшылығына байланысты құрылыс жұмыстарын тоқтатып, жоба жүрісінен жанылды. Кейіннен нысанның сметалық құны қайта есептеліп, ол 7,9 млрд теңгені құрады. Осы күнге дейін барлық игерілген қаржы 4,8 млрд теңгені құрады, енді жобаны аяқтау үшін әлі 3,1 млрд теңге қажет.

Осы тұста «құрылыс неге тоқтап қалды?» деген сұрақ туады. Мемлекет тарапынан «Бизнестің жол картасы — 2025» бағдарламасы аясында 542 млн 600 мың теңгеге ауысу мен көріз жүйесі жүргізіліп берілді. Сондай-ақ «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» транзиттік көлік дәлізінен тау етегіне дейінгі 7 шақырымға асфальт төселді. Нысан газ және электр жүйесімен қамтамасыз етілді. Тау шаңғысы кешеніндегі арқан жолының құрылысы, ішкі аландарды абаттандыру, кірме жол, мейрамхана, сервис орталығы, техникалық бокс, өзге қажеттіліктер шамамен 80%-ға аяқталған. Сол сияқты саяхаттаушылар мен демалушыларға, шаңғы тебушілерге арналған жекелеген инвесторлар қаржысына салынуға тиіс 20 коттедждің құрылысы 70-80%-ға біткен. Міне, осындай басы тәп-тәуір басталған тірліктің соңы аяқсыз қалып тұр.

Бұл мәселеге қатысты ел арасында әңгіме көп. Алайда 2020 жылдан бері әңгімесі саябырсып, тіпті ұмыт бола

бастаған жобаға қатысты мәселені 2023 жылы Мәжіліс депутаты Ерболат Саурыков көтеріп, жамбылдық шенділерді селт еткізді. Бір топ мәжілісмендердің атынан Үкімет басшысының орынбасары Роман Склярға депутаттық сауал жолдаған Ерболат Байұзақұлы «Қаралма» тау-шаңғы кешеніне ерекше назар аудару қажеттігін баса айтты.

«Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жамбыл облысының даму жоспарында туризмді дамытуға басты назар аударылуы керек деп есептейміз. Осы саланы дамыту арқылы облысқа қосымша инвестиция тарту мүмкіндіктері пайда болады. Өкінішке қарай, туризмге байланысты көп мәселе әлі де шешімін таппай отыр. Соның бірі — Жуалы ауданындағы «Қаралма» тау-шаңғы туризм кешені. Бұл жерге Жамбыл облысы және іргелес жатқан, 300 мыңнан астам халқы бар Түркістан облысының екі ауданы жакын. Жеке инвестордың қаражатымен халық игілігі үшін басталған осындай іргелі жобалар неге аяқталмай қалады? Кім кінәлі? Жүйе ме, әлде бір әкімнің ұсынысын екінші әкім жалғастырғысы келмей ме?» — деген Ерболат Саурыков.

Осылайша, «Қаралма» тау-шаңғы кешеніне байланысты мәселе «сен

салар да, мен салардың» кебін киіп жүргенде, былтыр облыс әкімдігі жан жылытар хабар таратты.

«Негізі, «Қаралма» тау-шаңғы кешені жеке инвестордың қаражаты есебінен салынуда. Екі кәсіпкер 4,3 млрд теңге қаржы құйдық деп айтып жүр. Алайда ірі жоба аяқсыз қалған. Қазір «Акниет групп» компаниясына өтініш жасап, «Қаралманы» әрі қарай дамытсақ деген келісімге келдік. Кейінгі 2-3 айдың бедерінде құрылысқа кеткен қаражат есептеліп жатыр. Жолға, инфрақұрылымға, арқан жолға, тағы басқа жұмыстарға қанша қаржы жұмсалғаны таяуда ғана нақтыланды. Енді «Акниет групп» қаражат салады. Ірі жобаны аяқсыз қалдырмай бітіруіміз керек», — деп мәлімдеді жергілікті билік өкілдері.

Алайда бұл уәде де уәде күйі қалатын түрі бар. Олай дейтіміз. Жуалы ауданының әкімі Жалғас Мұртазаның сөзіне сүйенсек, бұрынғы инвестормен «Акниет групп» компаниясы мәмілеге келе алмаған көрінеді.

«Өзіме мәлім ақпаратты ғана айта аламын. Қазір мұнда құрылыс жұмысы жүргізіліп жатқан жоқ. Жоба қозғалыссыз тұр деуге де болады. Алматылық инвестор жобаны сатып алып, жұмысты жүйелегісі келгені де айтылған еді. Алайда ауқымды жобаның жана инвесторлары құрылыс компаниясының жетекшілерімен нысанды сату бағасына келісе алмапты. Айтуларыныңша, олар кешенге 5 млрд теңге салған. Бұл сомаға жана инвестор кейінгі жылдары орын алған инфляцияны ескеріп, келіспеген. Әйтсе де, жеке кәсіпкерлер наурыз айында жұмысты қайта бастап, нысан құрылысын өздері аяқтайтынын жеткізді. Ақиқатын айтсақ, кешеннің қазіргі жағдайы қынжылтады. Орнатылған барлық құрал-жабдық ескіріп, нысан тоза бастады», — дейді аудан әкімі.

Міне, осылайша, «Қаралма» тау-шаңғы кешеніне қатысты мәселе тағы бауын тапса, байлауын таппауда. Құрылысты қайта жандандыруға келгенде құрғақ уәде, мақсатсыз межелер осындай іргелі жобалар неге аяқталмай қалады? Әрине, инвесторлар есебінен салынып жатқан нысан болғаннан кейін билік өкілдеріне де кінә арта алмаспыз. Алайда нысанның инфрақұрылымына қазынадан қыруар ақша жұмсалды емес пе? Оның сұрауы кімнен болмақ?



Тұтас отбасын жоқ қылған Қызылқоғадағы қанды қасірет қоғамды дүр сілкіндірді. Әңгіме Атырау облысы Қызылоға ауданы Жангелдин ауылындағы қанды оқиға туралы. Бір отбасының бір емес, бес адамын жоқ қылған ауыр қылмыстың артында кім тұр? Малын бағып, қарапайым ғана ғұмыр кешкен ауыл адамдары кімдерге кедергі болды?

КӨМІЛГЕН ҚАНДЫ ШЫНДЫҚ

А Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Жангелдин ауылы бұрын-соңды ауыр қылмыстармен аты шықпаған шағын елді мекен еді. Аядай ғана ауылдың тұрғындары бір-бірінің қорадағы малына дейін жақсы біледі. Денелері өз үйінің жанындағы сарайдан табылған сол отбасының үлкендері, марқұм болған Максот Қарабалин мен Нәсіп Утешкалиеваның туыстарынан білгеніміздей, жұмбақ жағдай бүгін не кеше ғана болмаған. Оқиға шамамен алты ай бұрын басталған. Алғашында сол үйдің үлкен ұлы, 32 жастағы Наурыз Мұқанғалиев: «Ақтауға жұмысқа бара жатырмын», — деп хабарлап, ауылдан шығып кеткен. Сол

қызып, топырақпен көміп, үстіне линолеум төсеп, диван қойып кеткен. Мәйіттердің нақты қанша күн көмулі жатқаны белгісіз.

«Иіс мәйіттерді қазып ала бастағанда ғана сезілді. Бұған дейін техника да, адамдар да ештеңе байқамаған. Алдын ала мәлімет бойынша, мәйіттерде қан іздері бар, тергеу тұншықтыру нұсқасын қарастырып жатыр. Соңғы қорытынды сот-медициналық сараптамадан кейін жарияланады», — деді Атырау облысы Полиция департаментінің баспасөз-хатшысы Мейірім Ердаулет.

Қазір негізгі күдік марқұмдардың күйеубаласы Сұлтан Сәрсемәлиевке түсіп отыр. Әлеуметтік желілерде оның шетелде жүргені, тіпті Бали аралында болуы мүмкін екені әрі өлген әйелдің



кеткеннен кейін ол ешкіммен байланысқа шықпаған.

«Алғашында мұны уақытша үзіліс деп қарылдадық. Алайда уақыт өте келе күмәніміз күшейе түсті. Наурыз телефон соқсақ көтермейтін. Тек WhatsApp-қа байланысқа шығатын. Онда да аудио, бейнеқоңырау арқылы емес, жай ғана хабарлама жазатын», — дейді марқұмның туысы Әлемі Шылмағанбетова.

Кейін қазан айында Наурыздың ата-анасы — Максот Қарабалин мен Нәсіп Утешкалиева, сондай-ақ сол үйдің қызы Мирамгүл Қарабалинаның да көзге көрінбей кеткені белгілі болды. Ауыл тұрғындары үйден бір сәтте жарық жанбай, телефондары өшірулі болғанынан күдіктенген. Ауыл тұрғындарының айтуынша, отбасы жоғалғаннан кейін Наурыздың атымен WhatsApp арқылы барлық малдың сатылып кетуі күдік туғызған. Сауданы жүргізген адам Наурыздың телефон нөмірінен жазып отырған. Ақша Кәсіп қосымшасындағы әкесінің жеке шотына аударылған. Полиция жұмбақ жоғалудан кейін отбасы мүшелерінің банктегі карталарынан зейнетақы шешіліп отырғанын да растады.

Әлі күнге дейін үйдің үлкен ұлы Наурыз оралған жоқ. Бұған қоса, Наурыздың WhatsApp қосымшасы ара-тұра қосылып тұрады. Қарындасы Мирамгүлге, тұрмыстағы қарындасы Ақбаянға қазір халықаралық іздеу жарияланды. Бір өкініштісі, полицияға арыз жұмбақ жағдайдан кейін тым кеш беріліп отыр.

Қызылқоға ауданы ғана емес, Атырау облысының полиция құрамын тік тұрғызған оқиға үлкен қылмыстың бетін ашты. Өткен аптада жоғалған отбасының үлкендері Максот Қарабалин мен Нәсіп Утешкалиеваның денелері өз үйлерінің ауласында тұрған қорадан табылды. Қылмыскер шамамен 1,5 метр тереңдікте шұңқыр қазып, екі мәйітті бірінің үстіне бірін жат-

банк картасын пайдаланғаны туралы мәліметтер тарайды. Алайда полиция тергеу құпиялылығына байланысты мардымды ақпарат бере алмай отыр.

«Күдіктінің жеке басы анықталды. Оған халықаралық іздеу жарияланды және бұл қылмысқа басқа тұлғалардың қатыстылығы да тексеріліп жатыр. Ал Сұлтан Сәрсемәлиевтің әйелі Ақбаян Мұқанғалиеваға із-түзсіз жоғалған алам ретінде халықаралық іздеу жарияланды», — деді Атырау облысы Полиция департаментінің баспасөз-хатшысы Мейірім Ердаулет.

Қазір қылмыстық істегі ең ауыр сұрақ — Наурыз Мұқанғалиев пен Мирамгүл Қарабалинаның жұмбақ тағдыры. Полиция мәліметінше, олардың ұялы телефон сигналдары Қазақстан аумағында бірнеше рет тіркеліп, қосылып-сөндірілген. Соңғы тіркелген аумақ — Шымкент қаласы.

Қылмыстық істе тағы бір күдікті жағдай — қылмысқа қатысы бар деген күдіктен іздеу жарияланып отырған Сұлтан Сәрсемәлиевтің жоғалғаны туралы ата-анасынан осы уақытқа дейін арыз түспеуі болып отыр. Күдіктінің анасы, Махамбет ауданының тумасы Гүлнар Әзмуканова ұлымен соңғы рет 11 желтоқсанда сөйлескенін айтады. Одан кейін хабарсыз кетті. Келін Ақбаян Мұқанғалиева психодиспансер есебінде тұр. Сол себепті балаларды өзі бағып-қағалы екен. Ал күдікті мен әйелі Атырауда үй жалдап тұрған.

Күдікті Сұлтан мен әйелі Ақбаянның артында қазір бес бала қалды. Үлкені — 10 жаста, кішісі — бірде.

Қанды оқиғадан кейін қазір Жангелдин ауылында тыныштық жоқ. Үй маңын полиция қоршаған. Ауыл тұрғындары болған жайтқа сенер-сенбесін білмей отыр. Тергеу әлі жалғасып жатыр. Ал Жангелдиндегі құлыптаулы үй көмулі шындықтың үнісіз куәсі болып тұр.

ДОДА

15 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ



ҚОРЖЫНЫМЫЗДЫ
ТОЛТЫРҒАН

Осы жылдың қысқы маусымы қызыққа толы болмақ. Себебі бүкіл ел болып тамашалайтын ақ Олимпиада ойындары басталады. Тарихты тасаласақ, қысқы Олимпиада ойындарында жұлдызымыздың жарқыраған сәті де, қоржынымыз бос қайтқан кездер де аз емес. Осыған орай ақ Олимпиада төріндегі еліміздің Туын көкке көтерген спортшыларымыздың есімін бір шолып өтуді жөн санадық.

Әсет ҚАЛИ

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін алғаш рет 1994 жылғы қысқы Олимпиада ойындарында сынға түсті. Сол уақытта дүбірлі дода Лиллехаммерде (Норвегия) өткен болатын. Аталған дүбірлі додаға Қазақстаннан 8 спорт түрінен 29 спортшы бақ сынап еді. Дәл осы жылы мерейімзді көкке көтеріп, Владимир Смирнов ел қоржынына алғашқы алтын медальды салды. Ол шаңғы жарысынан 50 шақырым



қашықтықты жүріп өтіп, мәре сызығын бірінші болып кесті. Дәл сол Олимпиадада шаңғышымыз 10 және 15 шақырым қашықтықта екінші болып, тағы екі күміс медальға ие болған еді.

Араға төрт жыл салып, 1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында өткен ақ Олимпиадада 60 қазақстандық 8 спорт түрінде ел намысын қорғады. Атап айтқанда, тау шаңғы спорты, шайбалы хоккей, биатлон, шаңғы жарысы, мәнерлеп сырғанау, фристайл, конькимен жүгіру спорты,

шаңғымен тұғырдан секіру. Бұл жылы да қоржынымыз бос қайтпады. Жарыс нәтижесі бойынша қазақстандықтар екі қола жүлдеге қол жеткізді. Оның бірі конькимен жүгіруші Людмила Прокашева 5000 метр қашықтықта қола медальды иеленсе, бірі шаңғы жарысынан із кесу сайысында Владимир Смирнов үшінші орынға ие болды. Осылайша, екі қола медальмен Қазақстан жалпыкомандалық есепте 20-орынды иеленіп қошеметке бөленді. Айта кетерлігі, бұрымды спортшымыз Людмила 1997-1998 жылдары әлемдегі ең үздік алты конькишінің қатарында болды.

2000 жылдардың басы Қазақстанның қысқы Олимпиада тарихында ең сәтсіз кезеңдердің бірі ретінде есте қалды. 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында өткен қысқы Олимпиада ойындарына елімізден 50 спортшы қатысып, 7 спорт түрі бойынша сынға түсті. Алайда дүбірлі додада қазақстандықтар үшін жеңіс тұғырына көтерілу бұйырмай, ұлттық құрама жүлдесіз қалды.

Осы сәтсіздік арада төрт жыл өткен соң да қайталанды. 2006 жылы Италияның Турин қаласында өткен Ақ Олимпиадаға Қазақстан атынан 55 спортшы аттанып, 7 спорт түрінде бақ сынады. Олардың қатарында биатлон, тау шаңғысы, конькимен жүгіру, шаңғы жарысы, шаңғымен тұғырдан секіру, фристайл және шайбалы хоккей болды. Дегенмен бұл жолы да отандастарымыз Олимпиада жүлдесін олжалай алмай, елге медальсыз оралды.

2010 жылы Ванкуверде өткен Олимпиада ойындары Қазақстан үшін маңызды кезең болды. 12 жыл үзілістен кейін жерлестеріміз қайта қысқы Олимпиада ойындарының тұғырына көтерілді. Биатлоншы Елена Хрусталева 2010 жылы Ванкуверде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанды. Ол 15 шақырымдық жекеley жарыста медальға ие болды. Аталған сайыста Хрусталева бар болғаны 20,7 секунд айырмашылықпен қарсыласына есе жіберіп, мәреге екінші болып жетті. Сол Олимпиадада 37 қазақстандық 8 спорт түрінде (биатлон, тау шаңғы спорты, конькимен жүгіру спорты, шаңғы жарысы, шаңғымен тұғырдан секіру, фристайл, мәнерлеп сырғанау, спорт-трек) бақ сынады. Нәтижесінде, ұлттық құрама жалпыкомандалық есепте 25-орынға ие болды.

2014 жылы Сочиде өткен Олимпиада ойындарына 51 қазақстандық спортшы Қазақстан 10 спорт түрінде өнер көрсетті. Қысқы Олимпиаданың қорытындысы бойынша мәнерлеп сырғанаудан қола медаль жеңіп алды. Қазақстан десе, мәнерлеп сырғанауда ең алдымен Денис Теннің есімі ойға оралатынын бәріміз білеміз. Ол мұз

айдынына шыққанда, жарыс басталмай жатып-ақ тыныштық орнайтын. Сочидегі ақ Олимпиадада дәл сол Денис ел үмітін арқа-лап, тарихта қалды. Қысқа бағдарлама қорытындысы бойынша алғашқы ондықтан тыс қалған спортшы шешуші кезеңде бар шеберлігін көрсетіп, еркін бағдарламада қарсыластарынан басым түсті.

Денис Тен сол кеште мұз үстінде жай ғана сырғанаған жоқ. Ол сөйледі. Қозғалыспен, үнсіздікпен, көзге көрінбейтін эмоциямен сөйледі. Әрбір қадамы, әрбір бұрылысы ішкі оймен, сезіммен байланысып жатты. Кейде әуен тоқтағандай көрінетін сәттердің өзі көрерменді баурап алатын. Сол үнсіздікте оның мінезі, табандылығы, спортқа деген шынайы махаббаты сезілетін.

Қазақстанның қысқы Олимпиада тарихында есте қаларлық сәттердің тағы бірі — фристайл-могул шебері Юлия Галышеваның жеңісі. 2018 жылы Оңтүстік Кореяның Пхенчхан қаласында өткен Олимпиада ойындарында ол қола жүлдеге қол жеткізіп, ел мерейін асқақтатты. Юлия жарыс барысында ширақ қимылымен, батылдығымен және ішкі сенімімен көзге түсті. Оның могулдағы мәнері тәуекелге толы әсер қуалаудан гөрі әр элементті дәл әрі таза орындауға құрылған. Сол сабыр мен есептің арқасында ол қиын жолдан сүрінбей өтіп, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Осылайша, Қазақстан жалпыкомандалық есепте 28-орынға жайғасқанына тарих куә.

Соңғы қысқы Олимпиада ойындары 2022 жылы Бейжіңде (Қытай) өтті. Додаға 34



Денис Тен сол кеште мұз үстінде жай ғана сырғанаған жоқ. Ол сөйледі. Қозғалыспен, үнсіздікпен, көзге көрінбейтін эмоциямен сөйледі. Әрбір қадамы, әрбір бұрылысы ішкі оймен, сезіммен байланысып жатты. Кейде әуен тоқтағандай көрінетін сәттердің өзі көрерменді баурап алатын. Сол үнсіздікте оның мінезі, табандылығы, спортқа деген шынайы махаббаты сезілетін.

қазақстандық аттанғанымен, өкінішке қарай ешкім медальға қол жеткізе алған жоқ.

Жалпы, Қазақстан спортшылары қысқы Олимпиада ойындары тарихында барлығы сегіз медаль еншіледі. Әр жүлденің артында тағдыр, төзім және табандылық жатыр. Сол себепті бұл көрсеткіштер құр статистика емес, ел спортының шынайы шежіресі деуге болады.

Алда Италияның Милан-Кортина қалаларында өтетін 2026 жылғы ақ Олимпиада ойындары тұр. Бұл дода Қазақстан құрамасы үшін жана үміт, жана белес болмақ. Соңғы жылдары отандас спортшылар халықаралық ареналарда өз әлеуетін дәлелдеп, әлем чемпионаттарында жүлдеге ілініп жүр.

Ұлттық құраманың бірқатар өкілі бүгінде әлемнің мықтыларымен иық тірестіре өнер көрсетіп, үздіктер қатарына нық орнықты. Сондықтан Милан-Кортинадағы Олимпиадада Қазақстан спортшыларының жеңіс тұғырына көтерілуіне нақты мүмкіндік бар.

ERTIS-ке
ЖАҢА БАПКЕР КЕЛДІ

Павлодарлық Ertis футбол клубының бас бапкері қызметіне Беларусь маманы Кирилл Альшевский тағайындалды.



Жаңа бапкер әр жылдары «Рух», «Лиепая», БАТЭ, РУОР, «Динамо Минск» клубтарында еңбек етіп, Беларусь жастар құрамасының құрылымында да жұмыс істеген.

Альшевскийдің жетекшілігімен борисовтік БАТЭ ел чемпионатында күміс жүлде алып, Беларусь кубогын иеленді. Сонғы қызмет орны — Ресейдің «Велес» (Мәскеу) командасы.

Жыл басынан бері павлодарлық командада ауқымды кадрлық өзгерістер болды. Оңға жуық ойыншы клубпен қош айтысты, сондай-ақ бас бапкер мен спорттық директор да қызметінен кеткен.

Команда сапынан Владимир Воменко, Нұрғайни Бөрібаев, Әділхан Добай, Мохаммед Еңсебаев, Нұрали Елемес, Владислав Васильев және Еркебұлан Тұңғышбаев шыққан. Ал Арман Кенесов, Мирам Киікбаев пен Темірлан Төребек жалға алу мерзімі аяқталып, өз клубтарына оралды.

Еске салайық, бұған дейін «Ертісті» жаттықтырған қазақстандық маман Ринат Алюетов жуырда «Оқжетпес» клубының тізгінін ұстады.

AUSTRALIAN OPEN:
ОТАНДАСТАРЫМЫЗ БАҚ СЫНАЙДЫ

18 қаңтарда теннистен жаңа 2026 жылғы маусымның алғашқы «Үлкен дулыға» жарысы – Australian Open турнирі басталады.



Маусымдағы алғашқы ірі бәсекенің негізгі кезеңінде бес қазақ теннисшісі өнер көрсетеді. Әйелдер арасында әлемнің бесінші ракеткасы Елена Рыбакина, Юлия Путинцева мен жарысқа қатысуға wild card жеңіп алған Зарина Дияс бақ сынайды.

Ерлерден жақын күндері ғана дүниежүзілік рейтингте әлемнің үздік он теннисшісінің қатарына кірген Александр Бублик пен Александр Шевченко турнирге қатысады.

Жарыстың іріктеу кезеңінде отандастарымыздан Дмитрий Попко сынға түсіп, ол америкалық Маккензи Макдональдқа есе жіберді.

БҰРЫНҒЫ АУЫР АТЛЕТ
ЖАТТЫҚТЫРУШЫ АТАНДЫ

Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаевтың бұйрығымен Алмас Өтешов ауыр атлетикадан ересектер арасында облыстың аға жаттықтырушысы болып тағайындалды.

Алмас Дәулетярулы — Ауыр атлетикадан ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, ауыр атлетикадан әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, Азия ойындарының күміс жүлдегері, Азия чемпионы.

Алмас Өтешов бұған дейін Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасына қарасты «Мұз айдыны» мекемесінде әдіскер, «Олимпиадалық резерв даярлау орталығы» КММ директорының орынбасары болған.

«Ендігі кезекте Алмас Дәулетярулы облыста ауыр атлетика спорт түрін дамытуға және спортшылардың тұрақты түрде әлемдік додаларға қатысуына, сондай-ақ спортшылардың жалпы нәтижесіне жауапты болады», — деп мәлімдеді басқарма.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАЗБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4691

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,